

### **Кіріспе**

Ізгі хабар дегеніміз не? Қолыңыздағы осы сабақтар сізге бұл сұраққа Киелі кітапты қызықты түрде оқу арқылы жауап береді, сонымен қатар сіздің Құдаймен ара-қатынасыңызды жөндеп, өміріңіздегі ең маңызды шешімді қабылдауыңызға көмек береді.

### **Киелі кітапты қалай қолдану керек**

Осы сабақтармен жұмыс істеу барысында, әрине, сізге Киелі кітап немесе Інжіл қажет болады. Егер сіз әлі Киелі кітап жазбаларының орналасу ретін білмесеңіз, Киелі кітаптың соңғы беттерінен олардың тізімін таба аласыз.

Осы сабақтағы Киелі кітап аяттарының сілтемелері басқа да рухани кітаптар тәрізді мынадай тәртіппен берілген: алдымен кітаптың аты, содан кейін тараудың нөмірі және қос нүктеден кейін бір немесе бірнеше аяттардың нөмірі.

Мысалы: Жохан 4:13 немесе Жохан 4:13-15, немесе Жохан 4:7, 13, 14.

### **Сабақ құрамы**

Сабақ кітабы екі бөліктен тұрады: Негізгі Оқулық және сұрақтар дәптері.

1. Негізгі **оқулық** барлық сабақтардың мәтіндік мазмұнын қамтиды. Әрбір сабақ Құдай Иенің сіздің өміріңізге арнаған жоспарының жаңа бір қырын түсіндіріп суреттейді.

Оқу барысында төрт емтихан тапсырасыз. Сіз 2-ші, 5-ші, 8-ші, және 11-ші сабақтарды оқып, білгеннен кейін емтихан сұрақтарына жауап беруіңіз керек болады.

2. **Сұрақтар дәптері** - сабақтың екінші бөлігі. Мұнда сізден емтихан үлгісін толтыру талап етіледі. **Толтырылған дәптерді** тексеру үшін пошта конвертіне салып, біздің кеңсеге жіберуіңіз керек.

**Назар аударыңыз:** Негізгі оқулықты бізге жібермеңіз! Дәптеріңіз тексерілгеннен кейін қосымша жаңа сабақтармен бірге өзіңізге қайтарылады. Егер сабақтармен жұмыс істеу барысында сізде сұрақтар пайда болса, сіз оларды дәптерге немесе жеке бір бетке жазып жіберуіңізге болады.

## **Қойылатын талаптар мен баға қою жүйесі**

Осы сабақтарды нәтижелі орындау үшін сіз сұрақтардың кем дегенде 70 пайызына дұрыс жауап беруіңіз керек. Осылай істеген жағдайда сабақты бітіріп шыққаныңыз жайлы сертификат аласыз. Бұл баға сіздің жеке студенттік картаңызға түсіріледі. Картада сіз орындаған барлық сабақтардың бағалары жазылады.

Біз сіздің бағаларыңызды дұрыс енгізіп, әрі біздің жұмысымызды жеңілдету үшін өзіңіздің бірінші сертификатпен бірге алатын студенттік нөміріңізді көрсетуіңізді өтінеміз.

Егер сіздің пошталық мекен-жайыңыз өзгерсе немесе жақын арада өзгертін болса, бізге бірден хабарласуға тырысыңыз. Осылай істесеңіз біз де жіберетін мекен-жайды уақытында өзгерте аламыз.

### **1-ші сабақ. Таңғаларлық керемет**

#### **Сіз кереметтерге сенесіз бе?**

Джордж Мюллер маскүнем әрі бұзылған адам болатын. Бірақ бір күні оның өмірі кенеттен адам сене алмастай өзгеріп кетті: Ол енді мейірімді де ізгі ниетті адамға айналып, қалған өмірін жетімдер үйлеріндегі балаларды тәрбиелеуге арнады. Джордж Мюллер бүкіл әлемге қайырымды қистерімен танымал болды.

Мюллер тұрған қалада өмір сүрген танымал хирург, профессор Рендел Шорт ол туралы жазған кітабында былай дейді: «19 ғасырдың екінші жартысында Бристольдік Джордж Мюллердің өмірі мен көрсеткен үлгісін Құдай көптеген адамдардың сенімін нығайту үшін қолданған. Әкемнің айтуы бойынша, сол жылдары лайықты тойтарыс алатынын білген атеизмнің тіпті басын көтеруге батылы бармаған еді».

Джордж Мюллерге не әсер етті екен? Неліктен ол соншалықты түбегейлі өзгеріп кетті екен?

Джим Вейс баскесер болған. «Мен неге қарақшылықтан бас тарттым» атты кітабында ол өзі туралы былай дейді: Ол электроника саласындағы ірі маман болып, бір мезгілде полицияға да, қылмыстық әлемге де жұмыс істеген екен. Ақырында ол қарақшылар анағұрлым жомарт халық екен деп шешті. Джим Вейс сенушілердің от басында ер жетіп, жексенбілік мектепке қатысып, тіпті рухани оқу орнында білім алған. Осындай рухани ортада өмір сүре тұра, оның баскесер

болып кетуіне кедергі болған жоқ. Оның өмірінде Джордж Мюллермен болғандай рухани өзгеріс болған кезде, ол қылмыскерлер арасында өте әйгілі адам болатын. Қазіргі уақытта Джим Гарлем қаласындағы «өте қиын» жасөспірімдерге қызмет етіп, оларға Иса жайлы куәлік беруде.

Джим Вейске не болды? Қалайша ол қылмыскер адамнан Құдайға сенетін мәсіхшіге айналды?

Бүгінгі күндері бүкіл әлемде осы тәрізді кереметтер болып жатыр. Алайда көптеген адамдар олар жайлы не білмейді, не оларға сенбейді. Кез-келген нағыз ғажайыпты түсіну қалай қиын болса, өзгеру құбылыстарына парасатты түсініктеме іздеп табу соншалықты қиынға соғады. Бұл жерде аса сезімтал тәсілдерді қолдану да бекер – ең білімді деген ғалымдардың өздері біздің не туралы әңгімелеп жатқанымызды түсіне алмас. Мұндай кереметтер түрлі адамдардың, түрлі ұлттардың және жастар арасында, сонымен қатар, мәдениеттері мен рухани әдет-ғұрыптары әр түрлі адамдардың өмірінде болып жатады. Алайда байқап қарасаң, мұндай рухани өзгерістер дана, мықты және мейірбан адамдарға қарағанда, анағұрлым кедей, жеккөрінішті және ортадан аластатылған адамдардың өмірінде жиі орын алып жатады (Қорынттықтарға арналған 1-ші хат, 1:26-29).

## **Қайта туылудың кереметі**

Бұл өзі қандай керемет? Қалай ол қоғамның бүкіл салаларынан орын алып, адамзаттың мінез-құлқын соншалықты қатты өзгертіп жатыр? Бұл жұмбаққа толы ерекше өзгерісті - *қайта туылу* немесе *көктен (жоғарыдан) туылу*, *Құдайға бет бұру* немесе *құтқарылу* деп атайды. Қайта туылу деп аталу себебі: Әдеттегі қалыпты туылу – тәндік өмірдің бастамасы, қайта туылу – жаңа рухани өмірдің бастауы (Петірдің 1-ші хаты 1:23).

Оны *Құдайға бет бұру* деп атайды, себебі адам өмірінің бағыты қарама-қайшы жаққа, яғни сенімсіздіктен – сенімге ауысады (Матай 18:3). Адам Құдайға бет бұрады.

*Құтқарылу* деп атау себебі адам күнәнің билігінен, күнә үшін жазадан, сонымен қатар тәндік өлімнен кейін келетін күнәнің билігінен босатылғанын білдіреді (Петірдің 1-ші хатты 1:4-5).

## **Қайта туылу деген не?**

Қайта туылу – деген рухани құбылыс: тәннен – тән, рухтан – рух туылады (Жохан 3:6). Бұл қайта туылу (немесе жоғарыдан туылу) тәндік, яғни адамзат табиғатының көзге көрінетін бөлігімен тікелей байланысты емес, бірақ материалдық ортаға жатпайтын – рух пен жанның қатысы бар.

Сонымен қатар, қайтадан туылу – *табиғаттан тыс құбылыс* екендігі айқын. «Құтқарылу – Тәңіріміздің қолында» (Жүніс пайғамбар 2:10). Құтқарылуды бір адамнан немесе адамдар тобынан алу мүмкін емес, сонымен қатар, оны мұрагерлікпен алу да мүмкін емес. Яғни, егер ата-анасы жоғарыдан туылған болса, онда баласы да міндетті түрде құтқарылады дегенді білдірмейді. Құтқарылу сіздің өз қалауыңызға тәуелді емес: оны өз қалауыңыз бойынша ала алмайсыз. Құтқарылу басқа адамдардың еркіне де байланысты емес. Дін басшысы, тәлімгер немесе уағыздаушы қаншалықты қалап, тырысса да ешкімді құтқара алмайды (Жохан 1:13).

Біз тағы қайталап айтқымыз келеді: қайтадан туылуды *тек қана* Құдай өзінің жеке дара еркіне сай береді. Жел өзінің қалаған жеріне соғатынындай, Құдай да ешқандай үкіметпен немесе қауым қызметшілерімен де, ешкіммен ақылдаспай, кімді құтқарғысы келсе, соны құтқарады (Жохан 3:8).

Қайтадан туылудың өзі *бір сәтте* болады, алайда адамның Тәңірге толықтай келуіне айлар және жылдар қажет болуы мүмкін. Адам Иса Мәсіхті сеніммен Құтқарушысы және Тәңірі ретінде жүрегіне қабылдаған сәтте-ақ мәңгілік өмірге ие болады (Жохан 3:36).

## **Жоғарыдан қайта туылу және жалған діни ұстаным**

Адамдар жоғарыдан туылуды сезінгендей болып алдамшы *құлық көрсетуі* жиі кездеседі. Бұл таңғаларлық жайт емес. Мұндай жалған бет бұрушылықты «түзелуге ұмтылу» немесе «жалған діндарлық» деп атауға болады. Жасанды мен шынайы түрде Құдайға бет бұрудың айырмашылығы мынада: жасандының негізінде тек қана діни рәсімдерді механикалық түрде, яғни олардың шынайы мақсаты туралы ойланбай орындау жатады. Олар Киелі кітаптың түпкі негізін түсінбейді. Бұл сырт көзге құдайшыл болып көрінгенімен, Құдайдың жүректе жасайтын терең өзгерісіне ешқандай қатысы жоқ.

Тек қана шынайы Құтқарылу сіздің жүрегіңізге тыныштық орнатып, Құдай Патшалығына кіруге жол

ашады. Ал егер адам өз өмірін жаңадан, “таза парақтан” бастауға тырысып, бірақ шындығында, жоғарыдан туылмаған болса, нәтижесінде ол бұрынғыдан да көп күнә жасай бастайды (Матай 12:44-45).

Сондықтан да есіңізде жүрсін: Құдайға бет бұру деген шынайы болуы керек. Оны еш басқа жолмен ауыстыру мүмкін емес. Тірі, нық және мызғымас тек Иса Мәсіхке деген сенім ғана шынайы.

### **Жоғарыдан туылу - тек Иса Мәсіхке сену арқылы болады**

Бес сенуші өздерінің Құдайға қалай келгендерін бес түрлі айтып бере алады. Бірақ құтқарылуды олар барлығы бір ғана жолмен иеленді.

Бір жағынан, құтқарылуға ие болу оңай. Иса Мәсіхке деген шынайы сенім – бұл Құдай Өкенің асыл қазынасын ашатын кілті (Елшіл. істері 16:31). Басқа ешқандай кілт дәл келмейді және Құдайдың жарылқауларынәкеле алмайды (Елшіл. істері 4:12).

Алайда, көбінесе адам құтқарылуға апаратын жолды өзі қиындатады. Ол өзінің сене алмайтындығын айтады; сенімнің дұрыстығына күмәнданады; ол менің сенімім жеткілікті ме екен деп ойлайды; Құдай шынымен оны Исаға деген сенімнің негізінде қабылдайтыны туралы толғанады. Адам өзінің сылтауларымен, күмәндарымен, сұрақтарымен мәңгілік өмірге апаратын жолға бөгет қояды.

### **Жоғарыдан туылғандардың жемістері болады**

Біз жоғарыдан туылудың мән мағынасын, табиғатын толық түсіне алмасақ та, оның жемістерін анық көре аламыз. Бұл жемістер қазіргі әлемде тірі және құдіретті зор күштің әрекет етіп жатқаны туралы куәлік береді. Дәл осы керемет күш мәсіхшілерді қуғындаған Сауылды – Исаның қызметшісі Пауылға айналдырды, оны өлімнен – өмірге, қара түнектен – жарыққа, күнәкарлықтан – киелілікке әкелді. Тозақтан құтқарып, аспан қақпаларының есігін кеңінен ашқан күш – осы болатын. (Елшіл. істері 9:1-9).

### **Жоғарыдан туылу жайлы Киелі кітап не дейді?**

Жоғарыдан туылу (қайта туылу) туралы сенімді мәліметтің бірден – бір қайнар көзі – Киелі кітап. Бұл

– Құдайдың адамдарға жіберген аяны. Жохан жазған Ізгі хабардың 3:1-17 үзіндісін бірге оқыық.

«Парызшылдар арасында яхуди халқының Никөдем есімді басшысы бар еді. Ол Исаға түнде келіп:

— Ұстаз, Сіздің Құдайдан келген мұғалім екендігіңізді білеміз, себебі Сіздің кереметтеріңізді Құдайдың қолдауынсыз ешкім де жасай алмайды, – деді. Иса:

— Саған өте маңызды шындықты айтып тұрмын: кімде-кім қайтадан туылмаса, Құдай Патшалығына кіре алмайды, – деді. Никөдем:

— Есейген адам қалайша қайта туылады? Шешесінің құрсағына еніп, екінші рет дүниеге келу мүмкін бе? – деп сұрады. Иса:

— Саған өте маңызды шындықты айтайын: кімде-кім судан және Киелі Рухтан туылмаса, Құдайдың Патшалығына кіре алмайды. Тәннен – тән, Рухтан – рух туады. Менің «қайтадан туылуға тиіссіңдер» дегеніме таңданба! Жел қалаған жерінде соғады: оның гуілін естисің, бірақ қайдан келіп, қайда кеткенін білмейсің. Киелі Рухтан туылған әр адамның басынан өткені де осыған ұқсас, – деді. Никөдем:

— Бұл қалай болады? – деп сұрағанда Исаның жауабы мынау болды:

— Израилдің дін мұғалімі бола тұра, осыны білмейсің бе? Саған өте маңызды шындықты айтайын: біз білгеніміз туралы сөйлеп, көргеніміз туралы куәлік етеміз, алайда сендер куәлігімізді қабыл алмайсыңдар. Мен сендерге жерде болып жатқандарды айтқанда сенбейсіңдер, ал егер көктегі рухани нәрселер туралы сөйлесем, қалай сенбексіңдер?

Көктен келген Билеушіден басқа ешкім көкке шыққан жоқ (Ол көкте тұрушы). Мұса пайғамбар айдалада мыс жыланды жоғары көтеріп қойған. Дәл солай көктен келген Билеуші де көтеріліп қойылуға тиіс. Сонда Оған сенуші әркім мәңгілік өмірге ие болады.

«Өйткені Құдай адамзатты сондай қатты сүйгендіктен, өзінің жалғыз рухани Ұлын құрбандыққа берді. Енді Оған сенуші әркім жаны тозаққа түспей, мәңгілік өмірге ие болады. Құдай өзінің рухани Ұлын адамзатты соттауға емес, құтқаруға жіберді».

### **Өзіңізге сұрақ қойыңызшы**

Құдайдың рухани Ұлы айтқан осы сөздерді оқығаннан кейін сіз, бәлкім, түсінген шығарсыз:

қайтадан туылмаса, Құдай Патшалығына кіре алмайды. Сондықтан, әрбір адам өзіне өміріндегі ең маңызды сұрақты қоюы керек: «Ал мен жоғарыдан қайта туылдым ба?».

## Неліктен сізге жоғарыдан туылу қажет?

Бірнеше жылдар бұрын доктор Р.А. Торрей Канзас штатындағы бір дәрігермен сөйлескен еді. Дәрігер өзінің анасына оның өміріне әсер еткені үшін алғысын білдіреді.

— Мен әрқашан анамның өнегелі тәрбиесіне лайықты өмір сүруге тырыстым – деді ол. Мен медициналық институтта оқып жүрген кезімде бірде-бір күнә жасамағандығымды мақтан етемін. Мен өзімді ешқашан сенушімін деп санаған емеспін, бірақ мен осы қаладағы қауымға баратын қайсы бір адамнан әлдеқайда жақсымын.

— Дәрігер, – деді Торрей. Мен сіздің парасаттылығыңызға мүлдем күмәнданбаймын. Маған тек бір сұраққа жауап беріңізші. Сіз жоғарыдан туылдыңыз ба?

— Жоқ, мырза, Мен мұны ешқашан қажет деп санаған жоқпын.

Торрей оның қасында тұрып, бір шыбықпен құмға төрт бұрышты салды.

— Міне мынау Колорадо штаты. Бұл жердегі ең биік тау теңіз деңгейінен 14100 фут жоғары орналасқан. Ол жақта жер астында орналасқан шахталар да бар. Адам қай жерде болса да - таудың шыңында ма, әлде шахтада ма, ол бәрібір Колорадо штатында болады. Жоғарыдан туылу да дәл осыған ұқсас. Құдай үшін өте ауыр зұлымдықтарды істеп жататын қылмыскер мен өзінше бір «өлшемі бар күнәкар» деп аталатын қарапайым адамның және аса тәрбиелі сіздің араларыңызда ешқандай айырмашылық жоқ. Сіздер әр қайсыңыз әр түрлі деңгейлерде тұрғандарыңызбен, барлықтарыңыз бір халдесіздер, сіздер жоғарыдан туылған жоқсыздар.

Дәрігер Торрейге таңғала қарап былай деді:

— Сіз менің табанымның астындағы топырақты қопарып тастағандай болдыңыз. Мен сізбен толық келісемін.

Кейінірек бұл адам Иса Мәсіхті өзінің жеке Құтқарушысы ретінде қабылдады.

Сіз осы сабақты оқу барысында өзіңіздің жоғарыдан туылуға мұқтаж екеніңізді көресіз деген үміттеміз. Екінші сабақта біз бұл сұрақты тереңірек қарастыратын боламыз.

## **2-ші сабақ. Бізге жаңа өмір қажет**

Алдыңғы сабақта біз жоғарыдан туылу туралы және адамның басынан өтетін рухани керемет сезімдердегі Исаны өзінің Құтқарушысы және Тәңір Иесі ретінде қабылдағаны жайлы оқып шықтық. Енді біз жоғарыдан туылудың себебін, яғни қайта туылу не үшін қажет екенін талқылайық. Неліктен ол соншалықты қажет? Адамға осындай жарылқауды бере тұрып, Құдай біздің қандай мұқтажымызды қамтамасыз етті? Жауап бір ғана сөзде: ол – «күнә». Адамның өміріндегі дәл осы күнә өзінің рахымын көрсетіп, құтқару жоспарын іске асыруына Құдайға түрткі болды. Адамның жүрегіндегі зұлымдықтың болуынан жоғарыдан туылу аса қажет. Адам киелі болған болса, ол құтқарылуды қажет етпес еді.

### **Киелі Құдай және күнә**

Күнәға өзіміздің адами көз-қарасымызбен емес, Құдайдың тұрғысынан қарап көрелік. Құдай — киелі (Ишайя 6:3). Ол таза және игілікті (Матай 19:17). Ол күнәні жек көреді (Римдіктерге 1:18). Ол әділ (Забур 10:7), әділетті (Ишайя 45:21) және адал (Забур 17:31). Ал біз күнәдан соқыр болып қалғанбыз, сонымен қатар жеңіл текпіз. Құдай үшін бір күнә біздің көзқарасымыздағы мың күнәдан да жексұрын көрінеді. Түзу және қисық сызықтардың айырмашылығын көру үшін оларды салыстырып қарау керек. Сондықтан күнәні тек Құдайдың толық киелілігімен салыстырып қарастыруымыз керек.

Сонымен, Құдайдың алдында күнә – біздің ойымыздың, сөздеріміздің және істеріміздің Оның қоятын талаптарымен үйлеспейді. Күнә – ол тек жексұрын қылықана емес, сонымен қатар игі істер істеуді қаламау (Жақып 4:17), тіпті ақымақ ойлар да жатады (Нақыл сөздер 24:9). Күнәнің не екенін білу үшін Құдай бізге екі өлшем берді:

1. Заң немесе Он өсиет (Мыс. көш. 20:1-17). Олар мүлтіксіз мінсіздікті талап етеді. Сол берілген талаптарды толықтай ұстанған адам күнәсіз болады. Он өсиет – бұл Құдайдың даңқының бейнесі, Оның толық және мүлтіксіз киелілігін көрсетеді.

2. Иеміз Иса Мәсіх – Құдайдың сүйікті Ұлы күнәсіз болды. Ол күнәні білген емес (2 Қорынттық. 5:21). Ол күнә жасаған да емес (1 Петір 2:22). Иса Мәсіхте күнә болмаған (1 Жохан 3:5). Сөйтіп Інжілде күнәсіз адамның өмірлік тарихы баяндалған.

Егер адам осы өлшемдерге сай келмесе – ол күнәкар болады.



## «Бәрі де күнәжас ады»

Құдай алдында барлық адамдар – күнәкарлар, бәрі де күнә жасап, Құдайдың өздеріне белгілеген ұлылығынан құр алақан қалды (Рим.3:23).

*Біріншіден*, біз барлығымыз – күнәкармыз, өйткені біз күнәмен тудық. Адам ата – бүкіл адамзаттың әкесі – күнәға батты. Сөйтіп, біз, оның балалары – күнәкарлар болып келеміз.

«Бір адам арқылы дүниеге күнә, ал күнә арқылы өлім келді. Адамдардың бәрі де ажалды болды» (Рим.5:12).

Егер бала кедей, жарлы жанұяда дүниеге келсе, ол да кедей немесе жарлы болады. Сол сияқты, кез келген адам күнәкар жанұясында дүниеге келген болса, оның қанында күнәкар болмысы сөзсіз болады және бұл оны күнә жасауға итермелейді (Забур 57:4). Адамға күнә жасау – оңай, бірақ игі іс істеу үшін оған күш жұмсау керек.

*Екіншіден*, біз – күнәкармыз, өйткені **күнә жасаймыз**. (Нақыл 7:20). Күнә – біздің саналы түрде таңдаған жеке шешіміміз. Біз оны ұнатамыз. Әрине, кейбір адамдар басқаларға қарағанда әлдеқайда қатыгез болып келеді. Алайда, жалғыз ғана бір күнә адамды күнәкар етеді, жер бетінде күнәдан таза бірде-бір адам жоқ.

Жаңа Орлеан қаласынан шыққан доктор Рональд Лейвелл бізге өзіне-өзі нық сенген екінші курс студенті туралы қызықты оқиға айтып берді. Сол студент оған келіп былай депті:

— Мәсіхшілік туралы ақылды, білімді адамдарша сөйлесіп көрейікші, тек маған «сен күнәкарсың» деп айтпай-ақ қойыңыз, бұл – ескірген және ешкімге қажет емес көзқарас. Біз өз пікірталасымызды парасаттылықтың негізінде құрайық.

— Өте жақсы, – деді доктор Лейвелл. — Сізге бірінші сұрақты қоюға рұқсат етіңіз.

Студент сыпайылық танытып, келіседі.

— Жігітім, сіз Веллхаузеннің «Бес кітаптың» (Пяти книжья) жазушылары туралы жазған құжаттың қағидасы жайлы не ойлайсыз? Бес кітаптың авторы кім: Алеф пе, Бет пе, Гимель ме, Далет пе, әлде Химе? Әлде олардың бәрі қандай да бір салада жазушы болып келе ме?

— Білесіз бе? – деп жауап берді студент, – бұл сұрақ төңірегінде мен әлі өз көзқарасымды толық қалыптастырмаған едім.

— Сіз, әрине, Көне әсиеттің үлкен бөлігі көне еврей тілінде жазылғанын білесіз ғой. Бірақ арамей тілінің қосылуы негізгі мәтінге ерекше көріктілік береді. Мен қазір өзімнің

Масорымды алып, көне еврей тілінде оқимын, маған арамей тілінде жазылған үзінді кездескен кезде, ол жерді сіз оқып, маған не жайында айтылып тұрғанын айтарсыз.

— Бірде-бір сөзді талқылай алмаспын деп қорқамын.

— Ал онтологиялық, теологиялық және космологиялық Құдайдың болмысы жайлы растама құжаттар туралы не ойлайсыз? – деп жалғастырды доктор Лейвелл.

Студент жауап қайтармады. Сонда дәрігер Лейвелл былай деді:

— Мен біздің парасаттылық пікірталасымызға қатысты тағы бір сұрақ қояйын, егер сіз жауап бере алмасаңыз, мен оңайырақ сұрақтар қоямын. Жас жігіт, айтыңызшы, сіздің эсхатологияға байланысты премилленарлық, амилленарлық немесе постмилленарлық көзқарасыңыз қандай?

Студент тағы да ештеңені де түсіне алмағандықтан, қатты ұялып қалды. Сонда доктор Лейвелл былай деді:

— Жас жігіт, сіз өміріңізде біреуге өтірік айттыңыз ба?

— Иә, кейде өтірік сөйлеп қоятыным бар, бірақ бұл «зиянсыз өтірік» еді. Оның ешкімге ешқандай зияны тиген емес.

— Құдай үшін өтіріктің үлгілері мен түрлерінің айырмашылығы жоқ, сондықтан сіз оның көз алдында – өтірікшісіз. Сіз біреуден көшіріп жазып па едіңіз?

— Иә, мектепте оқыған кезде.

— Олай болса, сіз Құдай алдында тағы да – ұрлықшысыз. Сіз өз өміріңізде біреуді жек көрдіңіз бе?

— Иә, менің мектептегі ұстазымды.

— Ал, Киелі кітап біреуді жек көру – адамды өлтірумен тең деп айтады. Сондықтан сіз Құдай алдында – адам өлтірушісіз. Сонымен, Құдай сізге қарағанда қандай адамды көреді? Ол өтірікші, ұрлықшы және адам өлтірушіні көреді. Сіз әлі де күнә туралы тәлім ескірген деп ойлайсыз ба?

— Жоқ.

— Тізеңізді бүгіп, Құдайдан өз күнәларыңызды кешіруін сұраңыз. Иса Мәсіхті Құтқарушы және Тәңір ретінде қабылдаңыз.

Қатты ұялған жас жігіт жерге тізерлеп отыра кетіп, жалынды мінәжатын, бар жүрегін Құдай алдына ақтарып салды. Бар күнәсын мойындап, өкінгеннен кейін, Иса оның жүрегінен орын алды.

Құтқарылудың қуанышы оның бүкіл жан-тәнін баурап алды. Студент:

— Доктор Лейвелл, егер сіз мені осылайша ұялтпағанда мен ешқашан сенбес едім!— деді.

Сол жас жігіт бүгінгі күнде керемет жақсы күйеу және әке болып отыр. Қауымның белсенді және құрметті мүшесінің бірі. Неге? Өйткені ол Тәңірге өзінің жүрегіне кіруге жол берді.

### **«Адамның жүрегі... соншалықты бұзылған»**

Кейбір адамдар «ешқашан ұрлық жасаған жоқпыз, кісі өлтірген жоқпыз» деп өздерін жұбатады. Мүмкін осылай да шығар. Бірақ шын мәнінде адамның өзі жасаған істеріне қарағанда ішіндегі немесе оның жан-дүниесіндегі күнә әлде қайда жиіркеніштірек. Адамның қолынан келмейтін, жасай алмайтын күнә жоқ. Адамның табиғаты зұлым, алдамшы және барлығын күнәға айналдырады. Біз мына нәрсені түсінуіміз қажет – Құдай алдында біз жай ғана күнәкар емеспіз – біз барынша күнәкармыз. Біз өміріміздегі сана-сезімімізде, айтатын сөздерімізде және істерімізде болсын барлық салаларымызда бұзылғанбыз. Біз Он өсиетті толықтай бұзғанбыз. Олар он түйіннен тұратын шынжыр тәрізді: егер бір түйін бұзылатын болса – бүкіл шынжыр жарамсыз болып қалады. «Тіпті бүкіл Таурат заңын орындай тұра, бір жерінде сүрінген адам оны түгел бұзғандай айыпты болады (Жақыптың хаты 2:10). Өрбір адамның бір жақсы жағы бар деудің қажеті жоқ. Құдай оны көрмейді (Рим. 3:12).

Құдай бізді әділетсіздер, азғындар, ұрысқақтар, зұлымдар, қатігездер, залымдар, қызғаншақтар және өте жаман күнәкарлар деп атайды. Құдай адамның күнәларының ішінде лас, жалған тәңірлерге бағынушылықты, сиқырлықты, жек көрушілікті, көз бояушылықты, қызғаншақтықты, ашуды, келіспеушілікті, жалған тәңірлерді уағыздауды, бүліншілік, адам өлтіру, маскүнемдік пен алдауды атап өтеді (Ғалат. 5:19-21).

Адамзаттың күнәкарлық болмысы туралы Римдіктерге арналған хатта 3:10-20- дағы тәрізді ешбір әдеби шығармада айтылмайды.

*«Киелі жазбаларда бұл туралы мынадай сөздер бар: «Бір де бір әділ кісі жоқ, саналы ешкім де жоқ, Құдайды іздеп жүрген де жоқ. Бәрі тура жолдан тайып, бірге азғындыққа салынды. Жақсылық жасаушы ешкім жоқ, тіпті бір жан да жоқ.» «Айтқандары ашық көрдің иісіндей жаман, тілдері жалған сөйлеуде», «ауыздарынан шыққан сөздер*

жылан уындай». «Ауыздары қарғыс пен ызалы сөзге толы». «Аяқтары жазықсыз қан төгуге асығады, жүрген жерлерін қиратып, азап шеккізеді. Олар татулық дегенді білмейді». «Оларда Құдайды қастерлеудеген атымен жоқ».

Ал Таурат заңының күллі ережелері оған бағынышты адамдар үшін күшінде екенін білеміз. Сондықтан (басқа ұлттың да, яһуди халқының да) барлық адамдары ешбір сылтау таппай, үндері өшеді. Осылай бүкіл адамзат та Құдай алдында күнәлі болып, сотталатын болады. Себебі Құдайдың заңын орындау арқылы бірде-бір адам Оның алдында ақтала алмайды, керісінше, сол заң адамның күнәлі екенін әшкерелейді».

Жаратушыны Ғолғотада айқыш ағашқа шегелеп, Оның жан тәсілім азаптарына рахаттанып қараған кезде адам өзінің шын мәніндегі мінез-құлқын көрсетті (Матай 27:35-36). Адамдар Құдай Ұлын Құтқарушымыз деп мойындамай, өздерінің жалғыз ғана заңды Билеушісінен бас тартып, Оны өлтірді.

### **Құдайсыз адам – бейшара**

Адам күнәға батып қана қоймай, сонымен қатар өз тағдырында ештеңені өзгерте алмайды. Адам күнәға батып қана қоймай, сонымен қатар ол еш шарасыз (Рим. 5:6).

Өзімен-өзі қалған күнәкарды тек өлім күтіп тұр (Забур 9:16). Егер адам бірдеңеге лайықты болса – ол мәңгілік тозақ отындағы жаза ғана. Басқаша айтқанда, тек қана Құдай адамды мәңгілік қарғыстан босатып, оны құтқара алады. Дәл осы себеппен Құдай бізге жоғарыдан туылу кереметін сыйға тартты.

Өзінің өлім аузында екенін сезген бір акушер діни қызметкерді шақырып алады. Дәрігер өзінің Құдаймен кездесуге дайын еместігін білгендіктен, ол үшін өлім қорқынышты болды. Діни қызметкер келген кезде, акушер оған былай деді:

— Мен өлім халінде жатырмын, жоғарыдан туылу мүмкіндігі бар екенін естігенмін, сол жайлы маған анығырақ айтып беріңізші?

— Иә, Киелі кітапта бұл туралы шынымен айтылған, – деп ымырашыл діни қызметкер жауап берді.

— Бірақ ол сіз тәрізді адамдарға арналмаған, сіз тамаша өмір сүріп, қоғамның пайдалы мүшесі болдыңыз, сіздің Құдаймен кездесуге қорқатындай еш себебіңіз жоқ.

— Бірақ жүрегімнің түбінде мен өзімді Құдай алдында күнәлі сезінемін. Мен бірдеңе істеу қажеттігін түсініп тұрмын.

— Бірақ сіз мейірімді және адал, осықаладағы ең құрметті адамдардың бірі болдыңыз ғой.

— Мен білемін, бірақ, сонда да, жоғарыдан туылу деген не? Менің жан-тәнім дәл осыны аңсап тұр.

— Дегенмен де, сіз сенуші және қауымның мүшесі болдыңыз ғой?

Ақырында дәрігер діни қызметкерге қарап тұрып, былай деді:

— Білесіз бе, менің қолымнан көптеген сәбилер өтті. Мен сәбилерді қабылдап жатып, жиі былай деп айтатынмын: «Бұл сәбидің болашағы бар, бірақ өткен өмірі жоқ». Егер жоғарыдан туылсам, өзім туралы да дәл солай: «менің болашағым бар, бірақ өткен өмірім жоқ», – деп айта алатындай сезінемін.

### Қане, өзімізді сырттай байқап көрейік

Сіз күнәкарсыз ба? Сіз жоғарыдан туылуға және жаңа өмірге мұқтажсыз ба? Егер сіз мына он сұрақтың біреуіне болса да «жоқ» деп жауап берсеңіз, онда сіз – күнәкарсыз. Тәңіріміз және Құтқарушымыз Иса Мәсіхті жүрегіңізге қабылдап, құтқарылуыңыз керек.

Сұрақтар	Менің жауаптарым	
	Иә	Жоқ
1. Құдай Иеңізді жан-тәніңізбен, бар жүрегіңізбен, бар ақыл-ойыңызбен сүйесіз бе?		
2. Сіз өзіңізді қалай сүйсеңіз, маңайыңыздағы адамды да солай сүйесіз бе?		
3. Достарыңыз сіздің санаңыздағы ең зұлым ойларыңызды білгендерін қаларма едіңіз?		
4. Сіз әрқашан жомарт және ақ пейілді болдыңыз ба?		
5. Сіздің оңашада болған кездегі өміріңізбен адамдар арасындағы өміріңіз бірдей таза ма?		
6. Сіздің үйіңіздегі және басқа қалаға барған кездегі өміріңіз бірдей таза ма?		
7. Сіз әрқашан айналаңыздағы адамдарға қайырымдылық жасайсыз ба?		

8. Мен ешқашан Тәңірімнің атын аузыма бекер алған емеспін деп ашық түрде айта аласыз ба?		
9. Сіз әрқашанда шындықты айтасыз ба?		
10. Сіз дәл Тәңір Иеміз Иса Мәсіх тәріздімінсізсіз бе?		

### *Сіздің алғашқы емтиханыңыз*

*Бірінші және екінші сабақтарды қайтадан жақсылап оқып шығыңыз. Бірінші емтиханның мәтінін ашыңыз. Сұрақтарға қарап шығып, ойша жауап беріңіз. Егер кейбір сұрақтарға жауап бере алмасаңыз, сабақтарды қайталап оқып шығыңыз. Егер барлық сұрақтарға жауап бере алатындығыңызға сенімді болсаңыз, бланкты толтырып шығыңыз.*

### **3-ші сабақ. Мәселе**

**Қалайша киелі әрі әділетті Құдай қайырымды да бола алады?**

Құтқарылу жайлы ойлаған кезде біз өте күрделі мәселелерге тап боламыз: қалайша киелі Құдай, әділ бола тұра, жазалануға лайықты күнәкарларды құтқара алады?

Келіңіз, Құдайдың *мінез-құлқы* жайлы ойланып көрейік. Ол – қасиетті және әлемнің әділ Билеушісі (Петірдің 1-ші хаты 1:16), Ол тек шынайы және әділетті істерді ғана істей алады (Жарат. бас. 18:25). Доктор Тоссер Құдайдың қасиеттілігі жайлы былай дейді: «Құдай мүлтіксіз қасиетті. Оның қасиеттілігі қандай да болмасын шектен және үлгі қалыптардың бәрінен асып түседі. Ақыл-санаға сыйғысыз кемелділігімен мүлтіксіздігінде Ол шексіз қасиетті. Ол қасиетсіз болуы мүмкін емес. Құдайдың барлық қасиеті киелі, сондықтан Құдайдан шығатын барлық іс те киелі және біз Оны киелі деп қабылдауымыз керек. Құдай – киелі, Ол киелілікті дүние жүзінің игілігінің бірден-бір шарты етті». Сіз Құдайдың көз-қарасымен киеліліктің не екендігін түсінуге тырысып көріңізші. Өйүп пайғамбардың кітабының 15:15 аятында:

«... тіпті аспан әлемінің өзі Құдайдың көз алдында таза емес», – деп жазылған. Сонымен қатар Ишая пайғамбар: тіпті, оттай жалындаған періштелердің өздері, Құдайдың салтанатты ұлылығын көрген кезде, беттерін қанаттарымен жапты, – дейді (Ишая 6:2-3).

Ал, енді, адамның қандай екендігі жайлы ойланып көріңізші. Адам Құдайдан алыстап, өзін бейшара, байғұс жағдайға түсіріп, өзінің азғын істері мен күнәларының кесірінен мәңгілік азапқа түсіп жүр (Матай 25:41-46). Сондықтан да Ишая пайғамбар: «Қасіретке қалдым-ау, енді құритын болдым! Себебі, мен күнәкармын, аузымнан шыққан сөздерім арам...» – деп айта отыра, Құдайдың шексіз ұлылығын түсінді (Ишая, 6:5). Көптеген адамдар жақсы әрі адал жүретін адамдармен сөйлескен кезде өздерін өте ыңғайсыз сезінеді, өйткені олар сол адамның қасында өздерінің кемшіліктерін көреді. Сол сияқты киелі Құдайдың алдында кінәратпен және күнәмен тұру қаншалықты ұят десеңізші!

### **Құдайдың қоятын шарты – мүлтіксіз мінсіздік**

Құдай киелі әрі әділ болғандықтан, Ол тек қана күнәсіз адамдарға Аспан Патшалығынан орын бере алады (Ефес. 5:5). Құдайдың шарты – мүлтіксіз мінсіздік, сондықтан Ол тек мінсіз адамдарға ғана өзін көруге рұқсат етеді (Еврей. 12:14). Өділетсіздер Құдай патшалығына кіре алмайды (Аян 21:27). Ол зұлымдыққа, қысымға өзінің еш кінәратсыз көздерімен қарай алмайды (Абақұқ 1:13).

Адамның ұстануға тиісті шектері Он өсиетте (Мыс. көш. 20:17) және таудағы уағызда бейнеленген (Матай 5:7). Киелі кітабыңызды ашып, Иса Мәсіхтің таудағы өшпес уағзын оқып шығыңыз. Егер сіз осы өнегенің шектеулеріне сәйкес өмір сүре аламын деп ойласаңыз, онда қатты қателесесіз.

### **Адам Құдайдың талаптарына сәйкес келмейді.**

Тарсы қаласынан шыққан Саул (кейіннен атақты елші Пауылға айналған) өмірін өнегелі деп ойлаған. Пауыл «бірақ заң болмаса, күнә жасағанымды білмес едім. Мысалы, Таурат заңы «басқа біреудің иелігіне сұқтанба!» демесе, сұқтанудың күнә екенін білмес едім», – дейді (Рим 7:7). Елші Пауыл Құдайға ұнамды әділетті өмірдің үлгілі қалпын өзінікімен салыстырған кезде, кемелдіктен қаншалықты алыс екендігін көреді.

Өз күшімен ешбір адам күнәсіз өмірге және мінез-құлықтың мінсіздігіне жете алмайды.

«Жүрегімді таза ұстап, күнәсіз жүрдім деп тайсалмай айта алар еді кім? (Сүлейменнің нақыл сөздері 20:9). Адам қанша тырысып, не істесе де Құдайдың рахым, шапағатына ие бола алмайды. «Сондықтан сен тіпті сабынмен жуынып, өзінді тазартқанмен де, сенің әділетсіздігің менің көз алдымда тұр, - дейді Құдай» (Еремия 2:22). Адам ешбір игі істерімен, не көз жасымен, не мінажатымен өз күнәсін өтей алмайды.

## **Құдай күнәні жазалауы тиіс**

Құдай адамның күнәсіне риза бола ала ма? **ӨРИНЕ ЖОҚ!** «Арамзаның құрбандығынан Жаратқан жиренер» (Сүлеймен. нақ. сөз. 15:9). Егер Құдай зұлымдықты мақұлдаған болса, онда Ол Құдай болмаған болар еді. Егер сот төрешісі қылмыскерді қолдаған болса, Ол өзін-өзі айыптағаны емес пе.

Құдай күнәға жеңіл-желпі қарауы мүмкін бе? **ӨРИНЕ ЖОҚ!** Иә болған болса, Құдай өзінің киелілігіне қарсы шыққан болар еді. Ол істелінген әрбір күнәні байқап біліп отырады. (Өйүп 10:14; Аян 18:5; Еремия 2:22).

Құдай күнәні жай ғана ақтай ала ма? **ӨРИНЕ ЖОҚ!** Егер Құдай зұлымдыққа мән бермейтін болса, онда Ол киелі болмай қалар еді. (Жар. бас. 18:23-25; Ишая 6:1-7).

Құдай күнәні жазасыз қалдыра ала ма? **ЖОҚ!** Құдай әділ; күнәні жазасыз қалдыру – күнә жасау, ал Құдай ешқашан күнә жасамайды (1 Жохан 1:5). Егер Құдай күнәні ешқұн төлеуді талап етпей кешіре салса, онда бұл әділетсіз болатыны анық, сонымен қатар, заңда өзінің күшін жоғалтып, ал Киелі кітаптағы күнәкардың жазалануы жайлы жазылғандардың бәрінің еш мағынасы болмас еді.

Құдайдың күнәға деген бірден-бір шарасы – оны жазалау (Ишая 13:11). Құдіреті күшті Құдай күнәні жазасыз қалдырмайды (Нақұм 1:3). Заңда берілгендердің бәрін ұстану үшін, Құдай заңын бұзған әркім жазалануы керек.

Күнә – өте күрделі ұғым. Дәуіт пайғамбар өз күнәсін мойындап, мінәжат етіп, Құдайға былай деп сиынған: «Саған сонда күнәмді ашық айттым, әділетсіздігімді жасырмадым, Иеге кінәмді мойындаймын дедім, Сен сонда барлық күнәмді кешірдің» (Забур жыры 31:5). Ол өзінің күнәсін жиі мойындайтынына көңіл бөліп қараңызшы. Осы жырдың көне еврей тіліндегі түпнұсқасында күнәні сипаттайтын төрт сөз кездеседі. «Күнә» сөзбе-сөз аударған кезде «сәйкес келмеушілік» дегенді білдіреді. Бұл Құдаймен күнәкар адамның үйлесуі шексіз емес екендігін көрсетеді. Келесі сөз қаттырақ айтылған – «қылмыс» – бұл ашық түрде Құдайға қарсы бас көтеруді



сипаттайды. Түпнұсқада «азғындық» деген «қисая» сөзінен шыққан, синонимі «кінәраттық» сөзі болып табылатын ол адам мінезіндегі күнәкар бұрмалаушылықтарды сипаттайды. Осылайша Забурды жазушы өзін айыптаған сөздердің тізіміне «Құдайдың әділ үлгі қалпына сәйкес келмеушілік», Құдайға қарсы бүлік және азғындық кіреді.

Құдай заңын бұзғаны үшін берілетін жаза – өлім. «Күнәға батқан жан өледі...» (Езек .18:4-20), «күнәнің беретіні өлім...» (Рим. 6:23). Бұл жазадан ешкім қашып құтыла алмайды. Мұны Құдай өзі айтқандықтан, оны орындамай қойдырмайды, өйткені Ол өз сөзіне сенімді болуы тиіс.

### **Құдай күнәкарларды сүйеді**

«Құдай – сүйіспеншілік» (1 Жохан 4:8). Біз мұны ешқашан ұмытпауымыз керек. Ол: «ешкімнің де тозаққа түсуін емес, барлық адамдардың теріс жолдан қайтып, күнәларына өкініп, арылуын қалайды!» (Петірдің 2 хаты 3:9). Құдай күнәкарларға өзінің сүйіспеншілігін көрсеткісі келеді (Ефес. 2:4). Енді Ол қалай оны істей алады?

### **Қорытынды**

Біздің алдымызда мына мәселе тұр: Киелі Құдай: «күнәкардың жазасы – өлім», – деп нақты айтады. Ал дәл сол Құдай – сүйіспеншілік пен мейірімділіктің Құдайы. Ол: Мен күнәкарға рахым еткім келеді, Мен құтқарғым келеді, Мен оның Құдай Патшалығына кіруін қалаймын», – дейді. Құдай – киелі, Ол күнәні жек көреді. Бірақ Ол – сүйіспеншілік және Ол күнәкарларды да сүйеді. Құдай өзінің киелілігі мен әділдігін сақтай отырып, қалай күнәкарды құтқара алады?

- 1. Құдайдың киелілігі мен әділдігі мынаны талап етеді:**
  - Аспан патшалығына тек күнәсіз, таза адамдар ғана кіруі тиіс.
  - Күнәкарлар өлуі тиіс.
- 2. Құдайдың сүйіспеншілігі мен мейірімділігі мынаған жетелейді:**
  - Күнәкарды лайықты жазадан құтқару
  - Адамды аспан әлеміне лайықты ету.

### **Құдай бұны қалай шеше алады?**

Мынаны біз анық түсінуіміз керек: егер күнәкар өз күнәларының құнын Құдайға толық төлеуі тиіс

болса, онда ол мәңгілік өліп, ешқашан Құдаймен қатынаста бола алмайды.

Ертеректе Шотландия ауылдарында ер адамдармен қатар әйелдер де егін жинауға қатысатын. Ханна Ламонд атты әйел сәбиін қарайтын ешкім болмағандықтан, қызын бесікке салып, егістікке өзімен бірге алып келеді. Анасы жұмыс істеп жүрген кезде үлкен бір бүркіт ұшып келіп, сәбиді өзінің тау шыңындағы ұясына алып кетеді. Баланы құтқаруға қаншама адамдар тырысқанымен де, ешқайсысы да мұндай биіктікке шыға алмайды. Ақырында анасы өзі шығып көрмекші болады. Аналық махаббатымен жетеленген ол таудыңшыңына жетеді. Бүркітті батыл қуып жіберіп, қызын аман-есен қайтарып алады. Содан ол өзін төменде күтіп тұрған қуанышты достарына қарай ақырын, абайлап түсе бастайды.

**Сүйіспеншілік үшін мүмкін емес ештеңе жоқ! Тіпті барлығы бітті деген кезде, есіңізде болсын, сүйіспеншілік үшін мүмкін емес ештеңе жоқ!**

Құдай күнәкарды Ханна Ламондтың қызын сүйгеннен әлде қайда көбірек сүйеді. Ана жүрегін махаббатпен соншалықты толтырған Құдай Адам атаның күнәға батқан ұрпағын өзіне қайтарып алу үшін, әрине, жол табады.

Сүйіспеншіліктің осы мәселені шешуге қалай жол табатынын келесі бөлімде білетін боламыз. Құдайдың шешімі Оның киелілігін қанағаттандырып, Оның сүйіспеншілігін көрсетеді.

#### **4-ші сабақ. Құрбандық**

### **Өділетті шешім болуы мүмкін бе?**

Адамның жағдайы үмітсіз сияқты болып көрінеді. Өз күнәларын ол ешөтей алмайды. Күнәнің толық төлемі – бұл тозақ отында мәңгілік бейнет шегу қарғысы. Бірақ Құдай мейірімді болғандықтан, Ол күнәкардың өліміне қуанбайды (Езекиел 33:11). Тәңірдің істері керемет, таңғаларлықтай (Ишая 28:21). Ол аластатылған адамды қайтаратын жол табуы тиіс, өйткені Ол

«... қуылған адамды өзіне қайтаруға әрдайым әрекет жасайды» (2 Патша. 14:14).

Осы мәселенің өділетті шешімі болуы мүмкін бе? Өлем патшасы өз киелілігін сақтай отырып, сүйіспеншілік көрсетуі мүмкін бе? Иә, бұл мүмкін! Мысалы, егер бір адам басқа біреудің күнәсін өтеу үшін өлетін болса, ол сол адамның өмірі мен бостандығын өтегені. Осы ұстаным бізге келесі

мысалды түсінуге көмектеседі. Бір француз жігіт Наполеон соғысы кезінде жауынгерлер қатарына шақырылады. Ол жаудың оғы тиіп, қаза болудан қорыққандықтан, соғысқысы келмейді. Ал осы жігіттің орнына оның досы өз еркімен баруға келісе кетеді. Досының есімімен тізімге енгізіліп, соғыс алаңына жіберілген ол сол жерде қаза табады. Наполеонның әскеріне біршама уақыт өткеннен кейін, толықтырылу қажет болады. Өлгі жігіт қателікпен қайта шақырылады. Бірақ ол өзінің заң бойынша өлі екендігін дәлелдей алды. Сол шайқаста өлтірілгендердің тізімі қайта қаралып, анықталғаннан кейін, ол жігітке ешқандай талап қойылмайтын болды.

### **Орынбасар құрбандық жайлы Құдай не айтады?**

Орынбасар құрбандық жайында Көне өсиетте (Жар. бас. 22:1-14) Ыбырайым мен Ысқақтың әрекеттері жақсы суреттелген:

Құдай Ыбырайымды сынамақ болып, оны:

— Ыбырайым! – деп шақырды. Ол:

— Тыңдап тұрмын, – деп жауап берді. Сонда Құдай оған:

— Сен өзің жақсы көретін жалғыз ұлың Ысқақты ертіп алып, Мория жеріне бар. Сол жерде Мен саған көрсететін тауға апарып, құрбандыққа шалып, өртеп жібер! – деп бұйырды.

Ыбырайым таңертең ерте тұрып, есегін ерттеп, жастау екі қызметшісін және ұлы Ысқақты өзімен бірге ертіп алды. Ол құрбандық отына жеткілікті етіп отындық ағаш жарып алып, Құдай өзіне айтқан жерге қарай жолға шықты. Үшінші күн дегенде, Ыбырайым айналасына көз жүгіртіп, сол жерді алыстан көрді. Сонда қызметшілеріне: «Сендер есекпен осы жерде қалыңдар. Балам екеуіміз сол жерге барып, ғибадат етіп болған соң, сендерге қайтып келеміз», – деді.

Ыбырайым құрбандық отына арналған ағашты баласы Ысқаққа арқалатып, өзі шоқ салынған ыдыспен пышақты қолына ұстап, екеуі бірге әрі қарай жүріп кетті. Сонда Ысқақ әкесіне:

— Өке! – деп тілқатты. Ыбырайым:

— Иә, ұлым, не айтайын деп едің? – деді. Ысқақ:

— Бізде шоқпен ағаш бар, ал құрбандыққа шалынып өртелетін қой қайда? – деп сұрады. Ыбырайым:

— Ұлым, Құдай құрбандыққа шалынатын қойды өзі береді, – деді. Осылай екеуі бірге әрі қарай жүре берді. Олар Құдай белгілеп берген жерге келгенде, Ыбырайым құрбандық өртейтін орын жасап, оның үстіне отындық ағаштарды қаластырды.

Мұнан соң Ысқақты байлап, осы ағаштардың үстіне жатқызды. Ыбырайым ұлын бауыздау үшін қолын созып, пышағын алған кезде, Жаратқан Иенің періштесі оған көктен дауыстап:

— Ыбырайым! Ыбырайым! – деп тілқатты. Ол:

— Тыңдап тұрмын, – деп жауап берді.

— Балаңа қол көтерме, оған тиіспе! (Құдай былай дейді:) енді сенің өзіңді құрметтейтіңіз көзім жетті, Менен өзіңнің жалғыз ұлыңды да аямадың, – деді оған періште.

Ыбырайым төңірегіне көз тастағанда, қалың бұтаның ішінде мүйізінен шырмалып қалған қошқарды көрді. Ол барып, қошқарды әкелді де, ұлының орнына құрбандыққа шалып, өртеп жіберді. Осы жерге Ыбырайым «Жаратқан Ие қажетіңді береді» деген ат қойды. Сондықтан да күні бүгінге дейін жұрт: «Жаратқан Ие қажетіңді өзі тауып береді», – деп айтады.

Міне, күнәнің орнына берілетін құрбандық. «Ыбырайым барып қошқарды әкелді де, ұлының орнына құрбандыққа шалып, өртеп жіберді. Бірақ бұл күнәкардың орнына берілетін құрбандықтың бір түрі ғана. Адамзаттың күнәларын өртеуге қойдың өлімі жеткіліксіз. Күнәнің орнына берілетін құрбандықтың әрекетін осы мысал көрсетеді. Олай болса өзімізге мынандай сұрақ қойып көрейік: «Кім адам үшін құрбандық бола алады? Біздің күнәларымызды кімнің өлімі өтей алады?»

### **Адам күнәлары үшін адамға құрбандық бола алады**

Біріншіден, өзімізден сұрап көрейік: Періште адам үшін өле ала ма? Егер біраз ойлап қарасақ, оның мүмкін емес екендігі анық болады. Біз періштенің өлмейтін рухани дене екенін білеміз. Адам үшін құрбандық болатын Біреу мынандай болуы тиіс: «Ол біраз уақыт періштелерден төмен болып, Құдайдың рақымының арқасында күллі адамзат үшін жанын қиды» (Еврей. хат 2:9). Сонымен қатар, егер періште адам үшін жеткілікті құрбандық бола алған жағдайда, адам жаратылған денеге құлшылық етер еді, ал Құдай мұндайға төзбейді (Мысыр. көшу 20:5).

Ал мал адамның күнәлары үшін өле ала ма? Таура т заңы (Көне келісім) кезінде малды құрбандыққа шалу – кеңінен таралған рәсім болатын. Бірақ малдың қаны адамзаттың тіпті болмаса бір күнәсін де өтеуге жеткіліксіз екендігін есімізде сақтауымыз керек. «Өйткені құрбанға шалынған бұқалар мен қошқарлардың қаны адамның күнәсін өтеп, тазарта алмайды» (Еврей. хат 10:4). Малды

құрбандыққа шалу келуге тиісті нағыз құрбандықтың бейнесі болды.

Сонымен, періште де, мал да күнәні өтей алмайды. Содан шығатын қорытынды – адам үшін **адам** құрбан болуы тиіс. Басқа, қандай болмасын құрбандық сапасыз және әділетсіз болар еді.

### **Ол күнәсіз болуы тиіс**

Енді біздің алдымызда келесі мәселе тұр. Құдай заңында айтылғандай, әрбір күнәкар өлуі тиіс болғандықтан, ол басқа адамның орнына өле алмайды, өйткені өз әділетсіздіктері үшін өзі жазалануы тиіс. Олай болса, бұл **адам күнәсіз** болуы тиіс.

### **Ол шексіз болуы тиіс, бірақ Құдай ғана шексіз**

Бір күнәсіз адам тек бір ғана күнәкардың күнәларын өтей алмағандығы түсінікті. Күнәнің орнына берілетін құрбандық барлық адамдар үшін шалынуы тиіс. Олай болса, бұл құрбандықтың шексіз күші мен құндылығы болуы тиіс. Бұл құрбандық бүкіл, яғни бұрын істелінген немесе болашақта істелінетін күнәларды мойнына ала алатындай болуы керек. Ол **мүлтіксіз және шексіз** болуы тиіс. Бірақ Құдай ғана шексіз!

### **Ол өзінің қанын төгуі тиіс.**

Соңғы шарт мынадай: күнә үшін **қан төгілуі** керек. Мұны Құдай өзі белгілеген. Киелі жазбаның мына аяттарында күнәнің қанмен тазаруының керектігі дәлелденеді: «Есікке жазылған қан сендердің отырған үйлеріңді көрсететін белгі болады, сонда қанды көріп, соқпай өтешығамын» (Мысыр. көшу 12:13).

«Себебі дененің жаны қанда, ал қан жанды тазартатындықтан, Мен сендердің жан дүниелеріңді тазарту үшін оны құрбандық етіп тағайындадым» (Леуілік. 17:11).

«Таурат заңы бойынша, бәрі дерлік қанмен тазартылады. **Қан төгілмей, Құдай күнәні кешірмейді**» (Еврей. хат 9:22).

### **Қорытынды**

Егер бір күнәкар үшін басқа біреу **жанын қиятын** болса, онда Құдай оны қабылдай алады. Бұл **құрбандық** белгілі бір талаптарға сәйкес келуі тиіс:

- Ол періште не мал болуы мүмкін емес: олар теңбағалы айырбас емес.
- Ол **адам** болуы тиіс.
- Бұл адам **күнәсіз** болуы тиіс, олай болмаған жағдайда ол күнәлары үшін өлуі тиіс.
- Оның өлімі **сансыз көп** күнәкарларды құтқаруға жеткілікті болуы үшін, ол шексіз болуы тиіс (құрбандық **әрі Құдай, әрі Адам** болуы қажет, өйткені тек қана Құдай – шексіз).
- Ол күнәкарлар үшін өлуді **қалап**, олардың жазасынөз мойнына алуы тиіс.
- **Қан төгілуі** тиіс, өйткені күнәларды қанмен ғана өтеуге болады.

### **Осындай құрбандық – Тәңір Иеміз Иса**

Бұл құрбандықтың беріліп қойылғандығы туралы Інжілде айтылған. Бұл құрбандықтың аты – Иса Мәсіх. Оның барлық талаптарға қалай керемет түрде сәйкес келетінін қараңызшы.

1. **Ол адам ба? Иә!** Ол «... қайта, өзінің құдіреті мен салтанатты ұлылығынан бас тартып, құлдың кейпін қабылдап, Адам секілді дүниеге келіп, кәдімгі адамға ұқсап көрінді» (Філіп. хат 2:7). Құдай Оны «... күнәлі біздің денеміздей денемен осы дүниеге жіберді...» (Рим. хат 8:3). «Сөз адамға айналып, арамызда өмір сүрді» (Жохан 1:14).
2. **Ол күнәсіз бе? Иә!** Ол «әр түрлі сынақтан өтіп көрді, бірақ ешқашан күнә жасаған жоқ» (Еврей. хат 4:15; Жохан 1:14-ті де қараңыз).
3. **Ол шексіз бе? Ол Құдай ма? Иә!** «Өуел баста сөз болатын, Сөз Құдайда болатын, Сөз Құдай еді» (Жохан 1:1; Рим. хат 9:15; және Қолос. хат 2:9-ды қараңыз).
4. **Ол күнәкарлар үшін азап шеккісі келді ме? Иә!** Ол Құдайдың барлық үлгі қалыптарына мүлтіксіз сәйкес келе тұрып, өз еркімен адамзаттың бүкіл күнәлары үшін құрбан болуды қалады (Лұқа 22:42; Філіп. хат 2:5-8).
5. **Ол өз қанын төкті ме? Иә!** Күнәкарлар кешірім алулары үшін, айқыш ағашта Оның қаны төгілді (Жохан 19:34; Петір. 1-хат 1:18-19).

## **Мәс е л е ш е ш і л д і**

Бұл мәселені Құдай шешті. Енді күнәкар туралы былай айта алады: «...оны қабірден босат; Мен оның күнәларын өтеймін» (Өйүп 33:24).

Жабайы Батыстың алғашқы тұрғындары (қоныстанушылары) алаңсызда бас салатын қорқынышты қауіп-қатерлердің бірі – қыр-дала өрттері еді. Кейде бірнеше шақырымға жетіп, желмен күшейе түсетін ол, өз жолындағының бәрін жалмап өтетін. Өртті жеңудің бір ғана амалы бар екендігін алғашқы қоныстанушылар білетін: үлкен өрт олардың жерлеріне кірмей, айналып кетуі үшін, олар өз шөптерін өздері алдын-ала от қойып жағып жіберетін.

Құдай да біздің күнәларымызбен дәл осылайша істеді. Иса Мәсіх айқыш ағашта шегеленген кезде-ақ Ол Құдай сотына тартылды. Енді Құдай: «Кел, Мәсіхтің қасына келіп тұр, бұл сенің жаның ешқашан өлмейтін және қауіпсіздікте болатын жалғыз орын», – деп шақырды.

### **5-ші сабақ. Жұмыс толық істелді**

Адамзаттың бүкіл тарихындағы ең маңызды да мағыналы оқиға – Тәңіріміз Иса Мәсіхтің айқыш ағашта адамдар үшін жанын қиып, ұлылықпен қайта тірілуі. Көне Таурат кезінде сенушілер Мәсіхтің келуін күткен, қазіргі кездегі адамдардың назарын Оның айқыш ағашта істеген ерлігі аударды.

### **Иса Мәсіхтің құрбандық ерлігі алдын-ала айтылған.**

Иса Мәсіхтің айқыш ағаштағы өлімі туралы бүкіл Тауратта астарлы да, тура түрде де айтылған. Иса Мәсіхтің келетіні және Оның бүкіл адамзаттың күнәсі үшін жанын қиятыны жайлы анағұрлым анық және тәптіштеп пайғамбарлық болжау айтқан Ишәя пайғамбар болатын. Пайғамбардың кітабының 53-тарауында күнәнің орнына берілетін құрбандық жайлы кем дегенде 11 рет айтылған. 4-аяттан бастап 8-ге дейін оқып көрейік: «Шынында Құдайдың Қызметшісі біздің қасіретімізді өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді. Оның ұрылып, азап шегуін Құдай бұйырған жаза деп ойладық. Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз саулықтық. Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз

бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнеларымызды Қызметшісінің мойнына артты.

Ол зорлық-зомбылық көріп қиналды, алайда аузын ашпады. Оны тоқты сияқты сойылатын жерге алып барды. Ол қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді тіс жармады. Оны жәбірлеп, әділетсіз үкіммен өлімге кесіп, алып кетті. Оның замандастарынан кім мынаны ойлады: Құдайдың Қызметшісі халқымның әділетсіз істеріне бола азапталып, бұл дүниеден аластатылды».

## **Иса Мәсіх – күнәкарлар үшін құрбандық**

Бұл тұжырым Тауратта бірнеше рет бекітілген. Құдайдың құрбандыққа қандай зор мән беретіндігін мынау аяттан көретін боламыз.

1. Қорынттықтарға арналған 2-хаттағы 8:9 аяттан біз мынаны оқимыз: «Иеміз Иса Мәсіхтің рақымдылығын білесіңдер: Ол сондай бай бола тұра, сендердің рухани баюларың үшін бәрінен бастартып, жоқшылыққа ұшырады!» Мәсіх әр кезде, тіпті әлем жаратылысынан бұрын Әкесімен бірге көктегі мәңгілік игілікте болған (Нақыл сөз. 8:2; 2:31). Бірақ Ол көктен осы әлемге келгенде, біздер үшін «жоқшылыққа ұшырап», қарапайым өмір сүргені соншалықты, бас тірейтін тұрағы да болмады (Матай 8:20). Біздің мәңгілік өмірге ие болып және Құдай Патшалығына кіре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта масқара өлімді толық жалғыздыққа қабылдады.

2. Қорынттықтарға арналған екінші хаттағы 5:21 аят былай дейді: «Құдай біздің күнеларымызды ешқашан күнә жасамаған Мәсіхке артты. Онымен тығыз байланысқан біз осы арқылы Тәңір алдында ақталдық».

Біз түсіне алмайтын қандай да бір күшті тәсілмен Құдай біздің күнеларымызды Иса Мәсіхтің мойнына артты. Бұдан Құтқарушымыз, әрине, күнәкар болып кеткен жоқ, бірақ өзі еш айыпсыз бола тұра, күнәкарлардың жиіркенішті қылықтары үшін жазартартты. Біздің күнеларымыз Оның *мойнында* болды, бірақ Ол өзі сол күнеларға батқан жоқ. Құдай күнәкарларды Исаның әділдігімен ақтап алуы үшін, Ол адамдардың күнелары бола жазаланды.

3. Елші Петр өзінің 1-хатының 3:8 аятында былай деп жазады: «Мәсіх те әділ бола тұра, әділетсіздер үшін азап шекті. Ол бізді Құдаймен табыстыру үшін күнеларымызға бола біржола өмірін қиды; тәні де өлтірілді, ал рухани денемен тірілді».

Бұл аятта күнә үшін азап шегуші Құтқарушы туралы айтылған. Елші мына сөздермен: «*әділ бола тұра әділетсіздер үшін*» – күнелар Мәсіхтікі емес, біздікі



екендігіне назарымызды аударды. Күнәкарлардың Тәңірге келе алулары үшін олардың орнына азап шекті. Құдай мен адам арасында татулық орнату үшін Ол өліп, қайта тірілді.

## **Түгелдей орындалған босатылу**

Енді Тәңір Исаның айқыштағы өлімі туралы ойланған кезде, біз мынаны түсінуіміз қажет: Ол күнәкарлардың орнына өліп, сонымен қатар олардың толық құтқарылуына керектінің барлығын түгелдей орындады. Киелі Жазбаның көптеген аяттарында осыға жап оқиға туралы айтылады. Мысалы:

«Маған тапсырған ісіңді аяқтап, жерде ұлылығыңды көрсеттім»  
(Жохан 17:4).

«Иса сірке суын сорғаннан кейін: «енді түгел орындалды!» – деді де, басын иіп, жан тапсырды» (Жохан 19:30).

«Ал Мәсіх сенушілердің күллі күнәларын өтеп, тазарту үшін бір ғана құрбандық ұсынған соң, Құдайдың оң жағындағы құрметті орнына мәңгілік жайғасты» (Еврей. хат 10:12).

Оның айқыш ағаштағы ерлігі арқылы не болғандығы туралы ойлап көріңізші!

1. Заңның барлық талаптары қанағатталды (Рим. хат 3:31). Заңның талабы бойынша адам не мүлтіксіз мінсіз болуы немесе күнәкар өлім жазасына тартылуы керек. Ешбір адам заңды толық ұстана алмағандықтан, барлығы өлуге лайық болды. Құтқарушы біздің алатын жазамызды өзіне алды. Осы себептен адам Құтқарушыны жүрегіне қабылдаған сәттен бастап, оған қарсы заңның күші (яғни өлім жазасы) жойылады. Мұндай күнәкар заң алдында «өлі» (Рим. хат 7:4).

2. Құдайдың әділдігі мен киелілігі қанағатталды (Забур жыр. 84:11). Күнә жазаланды. Адамды күнәдан босату жолы табылды. Құдаймен қарым-қатынаста болуға мүмкіндік туды.

3. Мәсіх Ғолғотада өз жанын құрбан етіп, күнәларымыздың құнын өтегені барлық кездегі бүкіл адамзатты құтқаруға жеткілікті (Жохан 1-хат 2:2). Бұл барлығы құтқарылды дегенді білдірмейді. Бірақ Исаның құрбандығының күші соншалықты, тіпті егер барлық күнәкарлар Оған сенім артатын болса, Ол барлығын түгел құтқара алады (Еврей. хат 7:25).

4. Енді Құдай өз киелілігіне қайшылықсыз, күнәкарларға сүйіспеншілігін жаудыра алады. Тәңір күнәкарларды құтқаратын әділ де айнымас жол тапты (Рим. хат 3:26).

## Құдай сыйын сеніммен қабылдау – күнәкардың жауапкершілігі

Мәсіх күнәнің құнын толық төлегендіктен, күнәкарға Оның аяқталған жұмысына ештеңе қосудың қажеті жоқ екені анық. Мәңгілік өмірге күнәкар өз игі істерімен лайық бола алмайды. Бірақ оған тырысып, еңбектенудің де қажеті жоқ. Жанымыздың пейішке баруына керектінің барлығы істелініп қойған. Біздің бар жауапкершілігіміз – осы құтқарылудың керемет сыйын қабылдау.

Бір мәсіхші өзінің танысы болып келетін балташыны Мәсіхті Құтқарушы ретінде қабылдауға сендіріп жатады. Ал балташы құтқарылуды тек сыйлық ретінде қабылдамай, ештеңенің жайдан жай берілмейтінін, ол үшін міндетті түрде бірдеңе істеу керек екендігін айтып болмайды. Барлық түсіндірулер бекер болады. Сонда әлгі мәсіхші қолына араны, балғаны және шегелерді алып, жаңа ғана істелініп біткен, қызыл ағаштан жасалып, жарқырап тұрған үстелге қарай ұмтылады. Балташының зәресі ұшады.

– Үстелге тиіспе! – деп ол айғай салды. – Мен оны жаңа ғана жасап бітірдім. Сен менің бүкіл еңбегімді зая кетіресің!

– Сенің құтқарылуың да дәл осылай, – деп мәсіхші оған түсіндірді. – Сенің мәңгілік өмір алуың үшін Мәсіх барлығын істеп қойды. Оның істеген жұмысын қабыл ал. Жасалып біткен жұмысты бүлдірудің керегі жоқ. Балташыға тек онымен келісіп, Иса Мәсіхті Құтқарушысы ретінде қабылдау ғана қалды.

*Талап етпейді Құдай менен  
Күнәмақұн төлеуді.  
Ол біледі:  
Құтқарылу сатып алынбайды.*

*Тымәлсізбін  
Күнәкар жан дүниемді ең болмаса  
Тазалықпен ақтауға  
Ақылым жетпейді.*

*Мәсіхті шегелетіп айқышқа  
Мен үшін құрбан еткен.  
Көктегі Әкем Құдайым  
Мадақталсын!*

**Құдай қанағаттанды ма?**

**Мәсіхтің қайта тірілуі мұның солай екендігін дәлелдейді**

Соңғы бір сұрақ: «Мәсіхтің күнәкарды құтқаруы үшін не істегеніне Құдай қанағаттанды ма?» Иә! Құдай өке күнәнің орнына берілген құрбандықпен толық қанағаттанғанын өзінің Сүйікті Ұлының қайта тірілуімен анық куәлік береді (1Қорынт. хат 15:3-8, 12-22).

### **Сенуші ақталды ма?**

**Бұның солай екендігін Мәсіхтің өлімнен тірілгені дәлелдейді**

Мәсіхтің өлімнен қайта тірілуі – біздің мызғымас үмітіміз. «(Иеміз Исаны) Тәңір күнәміздің құнын төлеу үшін құрбандыққа қиды және ақталғандығымызды дәлелдеу үшін қайта тірілтті» (Рим. Хат 4:24-25). Егер Тәңір Иеміз тірілмей, қабірде қала берген болса, онда біз үміттен алмас едік. «Ал Мәсіх тірілмегенде, сенімдеріңнен еш пайда болмай, күнәларың әлі де мойындарыңда қала берер еді» (1 Қорынт. хат 15:17). Өлген Құтқарушы құтқара алмайды. Бірақ Құдай Мәсіхті өлімнен қайта тірілтуі арқылы Оған сенушілер де қайта тірілетіндігін дәлелдеді.

### **Ғолғота. Мұнда сүйіспеншілік пен киелілік тұтасты**

Ғолғота – бұл Құдайдың тұңғиықтың екі шетін жалғастырған көпірі. Оның сүйіспеншілігі Оның әділдігінің талабын орындады. Құтқарылуды күнәкар сеніммен қабылдайды және Құдай оны өз алдында ақтап алғандықтан, Құдай мен адам арасында бейбітшілік орнайды. Ұлы орыс ақыны Кюхельбекер Мәсіхтің айқыш ағаштағы ерлігі туралы мына тамаша өлең шумақтарын жазған:

*Мұрагері аспанның жаным менің, шаттана ән сал:*

*Құтқарушың сенің – Мәсіх тірі.*

*Олшын тірілді!*

*Солай! Құдіреттің алдында*

*Тозақтың әлі құрып,*

*Өлімнің шынжыр бұғауынан,*

*Түнегінен өлімнің*

*Құдай Ұлын,*

*Онымен бірге сені тұрғызды мәңгілікке.*

*Мәңгілік нұрдан*

*Тәңір Ием түнекке түсіп,*

*Күл-топыраққа айналып,*

*Өз тәніне қайта келді.*

*Енді біз құрымаймыз!*

*Тіл жетпейтін махаббат –*

*Құпияшыңы!*

*Біздер үшін айқышта азапталып  
Қанын төкті Ол.*

*Сіздің екінші эмитиханыңыз*

*3, 4 және 5-ші сабақтарды мұқият оқып шығыңыз. 2-ші эмитихан сұрақтарын ашыңыз. Сұрақтарды оқып, оларға іштей жауап беріңіз. Егер кейбір сұрақтарға жауап бере алмасаңыз, сабақты қайта қарап шығыңыз. Егер сіз өзіңізге сенімді болып, сұрақтардың бәріне жауап бере аламын десеңіз, онда бланкті толтырып шығыңыз.*

**6-шы сабақ. Таңғаларлық рақым**

**Рақым дегеніміз не?**

Вебстердің сөздігінде келесі анықтама берілген: «Рақым – бұл ықыластылық, мейірімділік, рақымшылық». Ал теологтардың ойынша, бұның тек бір ғана рухани мағынасы бар – біреуге лайықты емес ықыластылық. Құдай өзінің рақымымен Оның бізге мүлдем басқаша қарауына лайықты болғанымызға қарамастан, сүйіспеншілігі мен мейірімділігін сыйға тартады.

Америкадағы соғыс кезінде Пенсильвания штатында Питер Миллер есімді уағыздаушы өмір сүреді. Ол Джордж Вашингтонның жақын досы болған. Дәл сол қалада уағыздаушы жек көрген және оны әрдайым масқаралауға тырысқан Майкл Витман деген кісі болады. Оның бірқылмыстықіске қатысқаны кейін анықталады. Содан ол қамауға алынып, өлім жазасына кесілуге бұйырылады. Миллер бұл хабарды естіген кезде, өзінің тұратын қаласынан 70 шақырым жердегі Филадельфия қаласына дейін жаяу барып, Вашингтоннан Витманға рақымдылық көрсетіп, оны босатуды өтінеді.

«Питер, – дейді Джордж Вашингтон, – мен сенің досыңның өмірін сақтай алмаймын». Сонда Миллер Витманның оған ешқандай дос емес, қайта қас екендігін түсіндіреді. Мұны естіген Вашингтон таңғала, абыржыған күйі қылмыскерді босатуға келісімін береді. Витман босатылып, Пенсильванияға Миллермен бірге қайтып оралады. Олар сол кезден бастап дос болып кетеді.

Міне, рақым деген қандай! Құдай күнәкарларға бүгін дәл осылай қарайды. Құдайдың киелілігі Оның ұлының айқыштағы өлімі арқылы қанағаттанғандығын білеміз, енді Ол бізге рақымын жаудыра алады.

## **Неліктен Құдай бізді соншалықты сүйеді?**

Келесі қадамды жасамастан бұрын, біраз тоқтап, ойланып көрейікші: «Неліктен Құдай Өзінің Жалғыз Ұлын кінәлілер үшін өлуге жіберді? Неліктен Иса адамзатты құтқару үшін Өз өмірін қиюға келіседі? Неліктен аспанның ең жақсысы жердің ең жаманына төлем болды? Неліктен қасиетті Иса сонша лайықсыз күнәкарлар үшін құрбандық болды?»

## **Біз бұған лайық емеспіз**

Мүмкін бұның бәрі адамдардың ісіне лайық шығар? Әрине, жоқ! Құдайдың күнәкарларға берген сүйіспеншілік сыйы мүлде жөнсіз болды. Адамның Құдайдан бір нәрсе талап етуге ешқақысы жоқ. Адам Құдай заңын бұзып, Оның жауына айналды. Тәңірдің мәңгілік үкім шығаруға барлық негіздері бар еді. Адам бойындағы ештеңе де Ғолғотадағы құрбандыққа лайықты болған жоқ.

## **Құдай адамға мұқтаж болған жоқ**

Мүмкін Құдай адамсыз ештеңе істей алмас па еді? Түкке тұрғысыз сөз! Құдай толық тәуелсіз және мүлтіксіз кемелді. Ол ешкімге және ештеңеге мұқтаж емес. Мүмкін, біз болмасақ, Құдай ешбір іс бітіре алмас па еді? Ол өзіне керекті роботтар жасап алар еді және сол роботтар ешқашан Оның көңілін қалдырмас еді. Әлде, Оған біздің бет-әлпетіміз, мінез-құлқымыз және дарындарымыз қажет болды ма? Олай болса, Ол өзіне әлдеқайда жақсы қызмет ететін миллиондаған адамдарды жасап алар еді. Мүмкін, бар мәселе біздің ақшамызда болар? Ал Құдай былай жауап береді: «Өйткені, орманның әр аңы Менікі, әрі Менің малым мыңдаған төбедегі. Ашықсам Мен саған айтпас та едім, бар әлем мен ондағылар – Өз меншігім» (Забуржыр. 49:10,12). Құдай бәрін адамның көмегінсіз жаратты. Оған топырақтан жаратылған әлсіз пендеден ешқандай көмек керек емес. (Ишая 40:13-14; Өйүп 38:4).

## **Адам Құдайды іздеген жоқ**

Неліктен Құдай бізді сүйеді? Біз Оны іздегендіктен болар? Керісінше, біз өз жүрегімізде былай дедік: «Аулақ жүр бізден, Сенің жолдарыңды танығымыз келмейді» (Өйүп 21-14). Елші Пауыл да бұл жайлы былай жазған: «Бірде-бір әділ кісі жоқ, Құдайды іздеп жүрген де жоқ» (Рим. хат 3:11).

Құдайдың елшілері бізге Ізгі хабар жайлы айтқан кезде біз олардан ашық түрде бас тарттық. Ал Құдай Өз Ұлын жіберген кезде біз: «Оның бізге патша болуын қаламаймыз», – деп, қала сыртына сүйреп шығып, Оны шегелеп тастадық (Лұқа 19:14). «Бұл сүйіспеншіліктің мәнісі мынада: Құдайды сүйген біз емес, қайта, Ол бізді сүйгендіктен, құрбандығы арқылы күнәмыздың құнын өтеу үшін рухани Ұлын жіберді» (Жо х а н 1-х а т ы 4:10).

### **Құдай бізден сый-тарту күткен жоқ**

Құдайдың бізге өз рақымын көрсетуі – орнына бір нәрсе алуды дәметкені ме? Біз тағы да «Жоқ!» деп жауап беруге мәжбүрміз. Құдайдың адамзатты құтқарудағы мақсаты мүлдем өзімшілдіктен туындаған жоқ. Қарызымызды қайтарар ештеңе де жоқ екенін Ол білді (Лұқа 7:42). Оның берген аса құнды сыйлығына ешқандай сый-тарту тең баға бола алмайтындығын Ол жақсы білді.

### **Құдай ешкімге қарыз болған жоқ**

Мүмкін, Тәңірдің адамға қайтармаған қандай да бір қарызы болған шығар? Жоқ, Ол ешкімге де еш нәрсе қарыз емес. «Есесін Құдайдан қайтарып алам деп, кім алдымен бір нәрсені Оған берген? Өйткені әлемнің бәрі Құдайдан, Ол арқылы, Ол үшін пайда болған. Лайым Құдай мәңгілік мадақталсын! Аумин!» (Рим. х а т 11:35-36).

Біз мына шындықты мойындауымыз керек: Құдай біздің рухани және жан дүниеміздің (мінез-құлқымыздың) төлем ақы төлеуге еш мүмкіншілігі жоқ екендігін білді. Егер Құдай бізге құтқарылуды шартсыз, яғни еш төлем ақы қажет етпейтін сыйлық ретінде бермегенде, біз ешқашан теріс жолымыздан қайтып, Оған бұрылмайтынымызды Ол білді.

Бұлай істеуге Ол міндетті болған жоқ. Бұл жайлы Чарльз Сперджен өз ойын былай білдірген: «Құдіретті Құдай Тағалаға сенің Оған қызмет етуіңне етпеуіңнің қандай маңызы бар? Егер сен Құдайға қарсы тұрсаң, Оның сән-салтанаты тұмшаланып қала ма? Егер сен Құдайға бағынбасаң, бұл Оның қуанышына шек келтіре ме? Егер сен Оған қарсы шығуды таңдап алсаң, Оның тәжінің жылтыры кете ме, ал аспан өзінің әдемілігін жоғалтып ала ма? Отқа түсіп, қызып тұрған ағаштың қандай боларын сен білесің бе? Құдай өзі үшін емес, сенің игілігің үшін Оған мойын сұнғаныңды қалайды!»

## Не үшін Құдай осындай рақымын сыйлады?

Онда не үшін Құдай бұны істеді? Бұған тек бір ғана жауап бар: керемет рақымдылық, шексіз сүйіспеншілік және зор мейірім. (Рим. хат 5:8). Тәңірдің өзінің сән-салтанатын, қуанышы мен аспандағы орнын қалдырып, жер бетіне адам келбетінде келуі, таза өмір кешіп, одан Ғолғотада айқыш ағашта масқараланып, азапталып өлуінің басқа себебі жоқ. Бұның бәрін күнәкардықтқару үшін істеді. **Неге?!!!**

Таңғаларлық рақым – міне бар себеп осы! **Құдайдың бізді сүйі және құтқаруға шешім қабылдауының бір ғана себебі – бұл Оның өзінің қалауы болды** (Жохан 3:16).

## Санамыз жетпес рақым

Адам мұны түсіне алмайды. Қазір біздің бар істей алатынымыз – аңтаң болған күйімізде Ғалғотаға көзімізді тігу. Құдай әрқашан «бізге Иса Мәсіхтің арқасында мейіріммен қарап, болашақ дәуірлерде өзінің ағыл-тегіл мол рақымын көрсетпек» (Ефес. хат 2:7).

Теңізші Джон Ньютон бұрын-соңды теңізге шыққандардың ішіндегі ең қатігез және өте тұрпайы топпен бірге өмір сүріп, жұмыс істеген. Ол өзі туысқандарының мінәжаттарына қарамастан, ақырында құлға айналғанша, барған сайын төмендеп бара жатқан бұзылған өмір сүріп жатады. Ол өзінің ішіп-жер тамағын жалбарынып сұрағаннан ләззат алатын африкалық әйелдің қарамағына тап болады. Кейін теріс жолынан Құдайға бет бұрғаннан кейін, ол тәлімгер болып, әнұрандар шығарумен айналысады. Оның ең танымал әнұрандарының бірінде ол Құдайдың рақымы оны қалай күнәмен мұқтаждықта тауып алғанын және оған мәңгілік игілікті көретіні жайлы үміт сыйлаған күндерді сипаттайды:

*«О, рақым, сен мені құтқардың*

*Пәленің шырмауынан.*

*Өлі едім, ғажап, қайта тірілдім,*

*Соқыр едім – енді жарық көремін.*

*Тәңір сөзіне сенемін мен,*

*Ол - менің барқорғаным,*

*Шынайы қалқаным, бөлігім менің.*

*Мыңдаған жылдар өтер,*

*Өлім мүлдем ұмыт болар.*

*Ал Құдай алдында әрқашан*

*Ән салармыз алғашқы күнде й!»*

## **7-ші сабақ. Құтқарылуға апаратын жол**

### **Құтқарылу – сеніммен берілетін сый**

Біз Мәсіхтің күнәкарлардың құтқарылуы үшін барлық қажеттіні істеп қойғанын білеміз. Енді Құдай бізге құтқарылуды тегін сый ретінде ұсынып отыр. Күнәкардың жауапкершілігі – істелініп қойғанды қабылдау. Құдай аспанды онда барғысы келмейтін адамдармен толтырып жатпайды. Олай болмағанда адамдар қауым жиналысында тас тәрізді қатып отырған күнәкарлар сияқты бақытсыз болып, аспан әлемі қуанышқа толы орын болудан қалар еді.

Құдай мәңгілік өмірге ие болудың қарапайым құралы ретінде сенімді таңдап алды (Рим. хат 5:1). Құтқарылу игілікті істер немесе қауымға мүше болу арқылы емес, бірақ Тәңір Исаға сенім арту арқылы келеді (Ефес. хат 2:8-9). Құтқарылуға апаратын басқа жол жоқ, әркім тек қана осы жолмен құтқарыла алады (Жохан 14:6; Еврей. хат 11:6). Біз ары қарай құтқарылуға апаратын осы жол жайлы әңгімелесеміз.

### **Сенім Құдай сөзін естуден келеді.**

Ең алдымен, Құдай сөзі қажет (Тимотеге 2-хат 3:15). Құдайға ешкім де Киелі кітапсыз келе алмайды. Бұл қауымда Жазбадан тәлім берілген кезде болуы мүмкін немесе өзіңіз Киелі кітап, болмаса рухани трактат оқыған кезде болуы мүмкін. Ізгі хабардың негізін дәл Киелі кітапта берілгендей білу керек. Ізгі хабарды тек естіп қана қоймай, оны Құдай сөзі ретінде қабылдау маңызды (Салони. хат 2:13). Киелі жазбаны оқу барысында Құдай өзі оны шындық ретінде қабылдауға сенім береді. Сонымен, сенім хабарды естуден келеді, ал естудің өзі Құдай Сөзінен келеді (Рим. хат 10:17).

Адам Киелі Кітапты оқыған кезде одан өзіне ұнамайтын ұйғарымдар табады.

Біріншіден, ол өзінің күнәкар екендігін біледі (Ишая 64:6). Ал бұл оған жағымсыз. Содан кейін адам өзін-өзі құтқара алмайтындығын біледі (Рим. хат 9:16). Ал бұл оның тәкаппарлығына нұқсан келтіреді.

Ақырында, адамды тек Тәңір Иса Мәсіх қана құтқара алатындығы айтылған (Ишая 45:21-22). Бірақ күнәкар Құдай Ұлының алдында тізе бүгуден бас тартады (Жохан 5:40). Яғни, егер адам өзімен өзі болған болса, ол ешқашан Ізгі хабарды қабылдамас еді.

### **Киелі Рух күнәкарды Құдай сөзі арқылы иландырады**



Бұл өзі ерекше керемет нәрсе. Киелі Рух Құдай сөзін қолдана отырып, қандай да бір құпия түрде күнәкардың жүрегін сендіреді (Жохан 16;7-11). Киелі Рух адамның үмітсіз жағдайы мен жан түршігерлік Мәсіхсіз өлімді көрсететін Жазбаның шындығына оның көзін жеткізеді. Өдетте, бұл кезеңді «күнә жайлы нандыру» деп атайды. Адамдар кейбір жағдайларда жан азабын сезінеді, ал кейде өздерінің жоғалғандығын және құтқарылуға мұқтаж екендіктерін шынымен түсінеді. Құдай күнәкарды оның рухани толық аш-жалаңаш екендігін түсінуге жетелейді (Лұқа 15:17-2). Адам өз күшімен құтқарылудан көңілі қалады. Ол бар үмітін жоғалтады (Лұқа 18:13). Ол тіпті ылажсыз Құдайға бет бұрып, мәңгілік жазаға лайық күнәкар екендігін мойындайды (Забур жыр. 50:1-5).

Джон Буньян мұны өз басынан өткен тәжірибесі арқылы білген. Өзінің «Пилигримнің саяхаты» атты кітабының басында ол күнәға көз жеткізу Құдай Сөзін оқудан келетіндігін анық көрсетеді. Ол былай деп жазған: «Мен ұйықтап кеттім де, түсімде бір адамды көрдім; ол алба-жұлба киінген, қолында кітабы және арқасында ауыр жүгі бар. Мен оған қарап тұрып, оның кітапты ашқанын көрдім. Сонда өзімді ұстай алмай, жылап жіберіп, былай дедім: «Енді мен не істеймін?».

Одан кейін Буньян пилигримнің берік сенімі оған ғана емес, басқаларға да қалай әсер еткенін сипаттайды. Ол Мәсіхті көбірек оқыған сайын, оның жүрегі ауырлай бергендігін және ақырында ол Ізгі Хабаршы есімді адамды кездестіріп, оған барлық қорқыныштарын ақтарып салады. «Мырза, – дейді ол ізгі хабаршыға. – Мына қолымдағы кітаптан мен өлуге тиіс екендігімді және одан кейін сотқа баратынымды түсінемін. Бірақ өзімнің біріншісіне де, екіншісіне де шыдай алмайтындығымды байқап отырмын».

## **Киелі Рух бізге Мәсіх жайлы айту үшін Құдай сөзін қолданады**

Алайда, Киелі Рух адамды мұндай жан күйзелісінде тастап кетпейді. Ол Тәңір Иеміз Исаның оның жаны мұқтаж болып тұрған дәл сол Құтқарушы екендігін көрсетеді (Жохан 1:29) және Құдай Ұлын Тәңір мен Құтқарушы ретінде сеніммен қабылдауға шақырады (Аян 22:17).

«Құтқаратын сенім» деген сөз тіркесі нені білдіреді? Құтқаратын сенім – бұл Тәңірге қарапайым сенім арту, бір кісінің айтуы бойынша, «сезім арқылы келетін нық сенім». Суға батып бара жатқан

адам бөренеге жабысып алған кезінде оған толық үміт артады. Адам орындыққа отырған кезде ол ағаш шеберінің бітірген ісінің үстінде отырып, дем алады. Біреу ұшақтың ішіне кірген кезде оған өзінің бар салмағын сеніп тапсырады. Мүмкін бұрын ол ұшуға көмектесетін аспапқа сенген де болар, бірақ ұшаққа отырмайынша оған көміл сенген жоқ.

«Пилигримнің саяхаты» кітабының соңында мәсіхші күнәларынан құтыла алатын жерге келеді. Ол Ғолғотаға келеді, Буньян бұны былай сипаттайды: «Сөйтіп, мен түсімде Мәсіхші жүріп өтуге тиісті жол екі жағынан «Құтқарылу» деп аталатын қабырғаны бойлай салынғанын көрдім. Еңсесін жүк басып шалдыққан ол осы жолмен жоғары қарай жүгіреді, бірақ арқасында ауыр жүк болғандықтан, оған өте қиын болады.

Ол сөйтіп жүгіріп отырып бір төбеге жетеді. Ол жерде айқыш ағаш және оның төменгі жағында көр болады. Мәсіхші айқышқа жақындаған кезде оның арқасындағы жүгікұлап түсіп, кішірейе бастайды да одан ашық жатқан көрге түсіп мүлдем жоғалып кетеді.

Буньян Пилигримнің бұдан кейін күнәнің ауыр жүгінен босатылып, арықарай қуанышпен кеткенін әңгімелейді. Ол былай деп ән салады:

*Бұл жерге еңсемді ауыр жүк басып келіп едім,  
Қайғы-қасіреттен құтыла алмай,  
Осы игілікті жерге жеткенімше.  
Сонда мұнда менің бақытым басталғаны ма?  
Ауыр жүгім арқамдағы,  
Мені шырмауға алған шынжырлар осында бұзыла ма?  
Жарылқаған айқыш ағаш!  
Мен үшін азапталған Адам жарылқанған!*

## **Құтқарылу – Құдайдың бекіткен дәлелі**

Адам өзінің күнәларын мойындап, Тәңір Иеміз Исаны қабылдаған кезде құтқарылып, көктен қайта туылып, Құдайға бет бұрады (Рим. хат 10:9).

**Бұл таңғажайып өзгерістің ешқандай сезімдік көріністер арқылы байқалмауы да мүмкін.** Құтқарылу тек сезімге ғана байланысты емес, сондықтан адам өзін басқаша сезінбеуі де мүмкін.

**Құтқарылу – Құдай болмысы мен аспан Патшалығының дәлелі.** Шынайы Құдай Сөзі былай дейді: «Кімде-кім сөзіме құлақ салып, Мені Жібергенге сенсе, сол мәңгілік өмірге ие. Ол қиямет сотына тартылмайды, керісінше, рухани өлімнен шынайы өмірге өтті» (Жохан 5:24). Біз келесі сабақта сенушінің қалай мәңгілік өмірге ие

болатыны жайлы және қалай бұған нық сенімде бола алатынын жете қарастырамыз.

## **Сенімнің нысанасы – Тәңір Иса**

Сенімнің **мөлшері** маңызды емес екенін баса айтқымыз келеді. Біреулердің таудай сенімі, басқалардың ұшқындай ғана сенімі бар. Сенімнің өзі құтқара алмайды, бірақ сенімнің **нысанасы**, яғни Тәңір құтқарады. Егер адамда тіпті дән сияқты титтей сенім болса, Құдай бұны көріп, оған мәңгілік өмір сыйлайды.

## **Біз күнәкармыз, ал Мәсіх – Құтқарушы.**

Біз тағы да айрықша атап өткіміз келеді: адамның жасайтын істерінің ешқайсысы оны құтқара алмайды (Ефес. хат 2:8-9). Осы әлемнің адамдары үшін Құдайға кейбір істер жағымды болуы мүмкін деген ойдың өзі қалыпты нәрсе. Бірақ адам құтқарылуды іздеп Мәсіхке келген кезде ол өзімен тек күнәмен айыпты ғана әкеледі. Біреу былай деп жақсы айтқан: «Бар күнәні жасайтын – біз, ал бар құтқарылуды жасайтын – Мәсіх». Егер күнәкар Құдай алдында өз еңбегіне лайықты нәрсемен келуді сұрап, тұрып алатын болса, ол өзіне лайықтыны алады (Аян 20:12).

Бір белгілі әнұранда құтқарылу іздеп, күнәсіне өкініп, мойынсұнып Мәсіхке келген күнәкардың жанының жағдайы сипатталған. Мыңдаған адамдар Құтқарушыға осы сөздерді ауыздарымен және жүректерімен жариялап, Құтқарушыға сенім артты.

*Осындай күйіммен*

*Біз үшін төгілген қаныңның атымен*

*Құдайдың шақыруымен,*

*Мәсіх, мен Саған келемін!*

*Осындай күйіммен*

*Соқыр боп, кедей боп,*

*Таппастан игілік өзімнен,*

*Мәсіх, мен Саған келемін!*

*Осындай күйіммен*

*Сеніммен кешірім алуға,*

*Көруге көзіммен,*

*Мәсіх, мен Саған келемін!*

*Осындай күйіммен*

*Сен мені қабылдап аласың.*

*Тыныштық, құтқару, өмірді алуға,*

*Құтқарушым, мен Саған келемін!*

*Осындай күйіммен сүйгендіктен мені Сен  
Лақтырып тастадың кедергінің бәрін.  
Енді мен мәңгілік Сенімен болуға,  
Мәсіх, мен Саған келемін!  
(Шарлотта Эллиот)*

## **8-ші сабақ. Жарта сүстінде**

Жасы ұлғайған бір мәсіхші әйел өлім аузында жатады. Ол Иса Тәңірге көптеген жылдар бойы өзінің құтқарылуын сеніп тапсырған және бар үмітін Оған артқан болатын. Ол оның берік жартасы болды (Забуржыр. 61:3,7). Өмірінің соңғы сәтінде оның достары қасына жиналды.

– Ол өзі өте тез батып бара жатқан тәрізді, – дейді олардың біреуі.

Бұны естіген әйел ақырынғана былай дейді:

– Жартастың үстінде тұрып, суға батып кету мүмкін емес!

Бұдан мынадай сұрақ туындайды: құтқарылу мәңгілік болып табыла ма, әлде адам құтқарылып, содан кейін оның жаны Құдай үшін жоқ бола ма? Кейбір адамдар мынадай көзқарасты ұстанады: егер біреу шынымен құтқарылған болса, ол мәңгілікке құтқарылды. Ал басқа біреулер бұл сенушілерді күнәкар өмірге апаратын қауіпті доктрина деп есептейді. Олар құтқарылу адам өміріне байланысты және күнә мәңгілік өмірді жоғалтып алуға апарып соқтырады деп сенеді.

Құдайдың рақымы жайлы Ізгі хабарды нақты білетін адам бірінші көзқарастың дұрыс екенін бірден түсінеді. Расында, құтқарылған әркім – мәңгілікке құтқарылған.

Мәсіхке сенушінің мәңгі бақи құтқарылғаны жайлы және бұны ештеңе де өзгерте алмайтындығын дәлелдейтін бірнеше мысалдарды Жазбадан келтірейік.

## **Ұлы ақиқаттар**

1. **Құтқарылу біздің Құдай үшін не істеп жүргенімізге емес, бірақ Құдайдың біз үшін не істеп қойғанына тәуелді.** Ол Иса Иеміздің айқыш ағашта толықтай істеп бітірген жұмысына тәуелді. Бұл жұмыс толық істелінген (Еврей. хат 10:12). Оны жақсарту немесе бір нәрсе қосу мүмкін

емес (Еврей. хат 10:12,14,18). Сенушінің мәңгі бақи қауіпсіз екендігіне күмәндану – бұл Тәңірдің азат ету жұмысының жеткіліктігін қадірлемеу.

Құдайдың адамды қалай қабылдайтындығын табиғат әлемінің мысалымен көрсетуге болады. Қойдың қозысы өліп қалған жағдайда қасында қойшы болуы мүмкін. Кей кездері басқа қозының шешесі де бір мезгілде өліп қалуы мүмкін. Бұл қойшы үшін мәселе. Жетімсіреп қалған қозыны қалай асырауға болады? Мүмкін, оны қозысы өліп қалған қойға телу керек пе? Бірақ қой оны өз төлі емес екендігін біліп, қабылдамайды ғой. Сол кезде қойшы жетім қозыны өлген қозының терісіне орап, жайлап қойға теліді. Қой оны иіскеп, бірден қабылдайды. Бұл қалай болғаны? Бұған дейін қой оны өзіне жақын жолатпаған еді ғой?! Иә, бірақ қазір бұл қозы оның «төліндей киініп» келіп тұр ғой. Қой оны не екендігіне қарап емес, кімдей екендігіне қарап қабылдап тұр.

Осы салыстыру арқылы нені көрсеткіміз келгені анық. Құдай сенім артқан күнәкарды оның өзіне қарап емес, бірақ оны әлемнің күнәсін мойнына алған Тоқтының барлық беделі мен лайықтылығын жамылып келгендіктен қабылдайды.

2. **Иса Тәңір өлген кезде, Ол біздің – өткен, қазіргі және келешекте істейтін барлық күнәларымыз үшін азапталды.** Шындығында, Ол өлім алдында болған сәтте олардың бәрі болашақта болатындар еді. Құдай бізді құтқармай тұрып, Ол біз жайлы барлығын білетін. Ол біздің қашан болмасын жасайтын барлық күнәларымызды білді. Бірақ сонда да бізді құтқарды. Яғни күнәнің төлемі толық және мәңгілік өтелді. Құдай күнәнің құнын екі рет, яғни алдымен – Мәсіхтен, кейін сенушіден талап етпейді. Бұл барып тұрған әділетсіздік болар еді, ал Құдай әділетсіздік жасай алмайды.
3. **Құдай сыйлық жасаған кезде оны келесі күні қайтарып алу есебімен бермейді.** Біз білетініміздей, құтқарылу – сыйлық. Ал «Құдай уәде беріп, таңдап алғанынан таймайды», яғни бұл еш өзгермейді де, қайтып алынбайды да (Рим. хат. 11:29).
4. **Туылу (Сәбидің өмірге келуі) – өзгерілмейтін ақиқат.** Бала өз әкесін ренжітуі немесе масқара қылуы мүмкін, бірақ оның туғандығын жойып жіберу мүмкін емес. Құтқарылу туылумен салыстырылады (Жохан 3:3). Адам құтқарылған

кезде ол көктен қайта туылады. Ол енді Құдайдың баласы (Жо х а н 1:12).

Мәсіхші күнә жасап Құдайды ренжітуі мүмкін, бірақ Тәңір бәрібір де оның Әкесі болып қала береді. «Алайда егер біреуің күнә жасап қойсаң, Әкенің алдында әділ Қорғаушымыз бар» (Жо х а н 1-х а т ы 2:1).

Күнә Құдай мен адам арасындағы байланысты тоқтатады, бірақ қарым-қатынасты емес.

5. **Сенуші әуел бастан өзін-өзі құтқара алмағанындай, ол**

**құтқарылуды да ұстап тұра алмайды.** Ғалаттағы сенушілер бұны істеуге тырысқан кезде Пауыл оларға мынадай сұрақ қойды: «Сондай түсініксіз бе едіңдер; рухани өмірді Киелі Рухпен бастап, өз күштеріңмен кемелденбек екенсіңдер ғой?» (Ғалат. х а т 3:3).

6. **Құдай өз адамдарынан бас тартпайды, өйткені тымқым батқұн**

**төледі.** Біз Оның балалары болған кезде енді Ол бізді тастап кете ала ма? «Себебі бұрын біз Тәңірге әлі де қас кезімізде Оның рухани Ұлының өлімі арқылы Құдаймен татулассақ, енді татуласқандар ретінде Мәсіхтің өмірі арқылы толықтай құтқарылатынымыз сөзсіз!» (Рим. х а т 5:10).

7. **Құдай сенушіге мәңгілік өмір беруге уәде береді.** Мәңгілік қаншаға

созылады? Ешқашан таусылмайтын тәрізді. «Соларға мәңгілік өмір беремін. Олар мәңгілік құрымайды... (Жо х а н 10:28, тағы да қараңыз: Жо х а н 3:16, 36; Жо х а н 6:47). Ол өз уәдесінен бас тартпайды.

8. **Құдайдың Киелі Рухы сенушіде мәңгілік өмір сүреді.** «Мен

көктегі Әкемнен сендермен мәңгі бірге болатын Қамқоршыны жіберуін өтінемін» (Жо х а н 14:16,17; тағы қараңыз: Жо х а н 1-х а т ы 2:27).

9. **Сенуші Құдайдың Киелі Рухымен таңбаланған** (Ефес. х а т 4:30). Әрі Киелі Рух Құдайдың меншігі екендіктеріңнің белгісі (Ефес. х а т 1:13,14). Бұл біз аспанға барғанша Оның бізге қызмет ететіндігіне кепілдік береді.

Осы келтірілген дәлелдер Құдай бізді «құдіретті күшімен қорғап, заманның ақырында осы күнәкар дүниеден құтқаратынына» сендіреді (Петір. 1-х а т ы 1:5).

## **Рақымның шын айы мағынасы**

Сенушінің мәңгілік қауіпсіздігі жайлы доктринаны қауіпті деп айтумен сіз рақымның

мағынасын түсінбейтіндігіңізді көрсетесіз. Сондай-ақ, сіз адам құтқарыла сала, онда бірден азғындық, кісі өлтіру немесе басқа да бетпақ күнәларды жасауға құлшыныс пайда болады дейсіз. Егер оны жазамен қорқытпаса, ол міндетті түрде бұның барлығын істейді. Бірақ шындығындағы деректер қандай? Олар мынадай:

**Біріншіден**, мәңгілік қауіпсіздіктің доктринасы адамды күнә жасауға итермелемейді, қайта оған бұны жасатпайтын ең жақсы себептерді береді. Адамға Құдайдың толықтай тегін және мәңгілік құтқарылу бергенін білу оның Құдайға мәңгілік қызмет етуіне талпыныс береді.

Жаза алдындағы қорқынысқа қарағанда, сүйіспеншілік күштірек әсер етеді. Адамдар сүйіспеншіліктен істейтін нәрсені қорыққаннан ешқашан да істемес еді. Сүйіспеншіліктен басқа еш нәрсе де жүрекке сондай әсер ете алмайды.

«Адамдарды тәртіпті ету үшін оларды қарғыстан қорқатын етудің ешқажеті жоқ. Бағыну үшін ең игі де күшті себеп - сүйіспеншілік. Құдайдың сүйіспеншілігін сезіну біздің Оған қызмет етуге деген талабымызды нығайта түседі» (Робинсон).

Сондықтан мәсіхші өзінің құтқарылуын сақтап қалу үшін емес, Құтқарушыны сүйгендіктен игілікті өмір салтын ұстанады.

**Екіншіден**, құтқарылған адам жаңа ішкі болмысқа ие болады (Петір. 2-хаты 1:4). Күнә жасауға құлшыныстың орнына ол күнәға деген бұрын-соңды болмаған жиіркенішті сезінеді.

Осындай жаңа ішкі болмысқа ие болған сенуші өзін күнәдан аулақ ұстаумен қатар, күнә жасап қойған кезде өзін сондай байғұс сезінеді. Өкемен қарым-қатынасты үзу – сенушінің өміріндегі ең сұмдық қайғы. Сенуші Құтқарушының өліміне себеп болған қуаныштан ұялады. Сенуші Көктегі Өкенің тәрбиесінде бола тұрып, Мәсіхтің беретін сыйынан құр қалады (Қорынт. 1-хат 3:15). Адамның мәсіхші өзінің күнәсін мойындап, оны тастамайынша, ол Тәңірмен қайта қарым-қатынаста бола алмайды.

Әрине, кейбір кездері адам өзінің құтқарылғанын жариялағанымен, әлі де күнәда өмір сүруі мүмкін. Ол күнәні тек анда-санда ғана істеп қоймай, ләззатпен оған батып жатады және бұл дағдыға айналады. Бұл жерде мәселе адамның құтқарылуды қабылдап, кейін одан айырылып қалғандығында емес. Мұндай жүріс-тұрыс оның мүлдем құтқарылмағандығын және Құдай рақымының әрекетін шынымен сезініп, көрмегендігін дәлелдейді.

Ал тірі және сүйіспеншілікке толы Құтқарушыға шынымен сенім артқандарға Құдайдың оларды аспанға алып кететіндігі жайлы өзгермес уәдесі бар:

*«Көктегі Әкемнің үйінде тұратын орын көп. Егер солай болмаса, Мен сендерге айтқан болар едім ғой. Енді сол жерден сендер үшін орын дайындауға бара жатырмын. Барып, дайындап болғаннан кейін қайтып келіп, өзім болатын жерде сендерді де болсын деп қасыма алып кетемін» (Жохан 14:2-3).*

### **Сіздің үшінші емтиханыңыз**

6, 7 және 8-сабақтарды мұқият оқып шығыңыз. 3-ші емтиханның мәтінін ашыңыз. Сұрақтарды қарап шығып, оларға ойша жауап беріңіз. Егер кейбір сұрақтарға жауап бере алмаған болсаңыз, сабақтарды тағы бір рет оқып шығыңыз. Егер барлық жауаптарды білетініңізге күмәнсіз болсаңыз, бланкті толтырып шығыңыз.

**9-шы сабақ.** Сезімдер ме әлде дәлел ме?

**Құтқарылғаныңызды қалай біле аласыз?**

Иса Тәңірге сенімге келген адам біраз уақыт өткеннен кейін өзінің құтқарылғандығына күмәндана бастайтындығы әбден түсінікті. Ол қандай да бір ерекше сезімдер болады деп күтіп, бірақ оның жағдайында ештеңе де болған жоқ. Ол енді күмәнмен күресудің қажеті болмайды деп күтеді, бірақ бұның орнына күрестің қайта күшейе түскендігі айқын болады. Ол күйзеліске түсіп: «Қалай адам өзінің құтқарылғандығына сенімді бола алады?», – деп түсінуге тырысады.

**Киелі кітап бұл жайлы не айтады?**

Біз осы сұрақтар арқылы Құдайға құтқарылу іздеп келген адам оны қалай біле алатындығын түсіндіруге тырысамыз.

**Киелі кітап Құдайдың Сөзі ме?** (Тимоте.2-хат 3:16-17)

**Құдай өз сөзіне берік пе?** (Матай 5:18)

**Құдай өзіне сыйынған әркімді құтқаруға уәде берді ме?**

(Рим. хат 10:13)



**Құдай Тәңір Иеміз Иса Мәсіхке сенім артқан күнәкарды құтқара ма?** (Елші. істері 16:31; Рим. хат 10:9)

### **Ал сіз Иса Мәсіхке сенесіз бе?**

Сіз Құдай алдында бұрын-соңды өзіңіздің күнәкар екендігіңізді мойындап па едіңіз? Мәсіхтің істеген ісінің негізінде Құдайдан өзіңізді құтқаруды сұрадыңыз ба? Егер сіз «иә» деп, шын жауап бере алсаңыз, біз сізден: «Ал сіз құтқарылғансыз ба?», – деп сұраймыз.

Бұған тек бір ғана дұрыс жауап мынадай: «Өрине, мен құтқарылғанмын. Егер мен Құдай Ұлына сенімімді артсам, Ол мені құтқаруға уәде еткен. Мен құтқарылдым, өйткені Құтқарушыны қабылдадым. Құдай Сөзі солай дейді (Жохан. 1-хаты 5:13).

«Кімге сенім артқанымды білемін және Оның қайтып келетін күніне дейін өзінің маған аманаттаған Ізгі хабарын аман-есен сақтайтынына кәміл сенемін» (Тимоте. 2-хат 1:12).

Құдай өзіне Иса Иеміздің атымен күнәларына өкініп келген бірде-бір күнәкардан бас тартпайды (Жохан 6:37).

### **Сіз қайсысына сенім артасыз: Киелі кітапқа ма, әлде өз сезімдеріңізге ме?**

Мәселе адамдардың Киелі кітаптан гөрі өз сезімдеріне көбірек назар аударатындықтарында. Киелі Кітап: «Мәсіхке сенім артқандардың барлығы құтқарылған», – деп анық айтады. Ал олар болса: «Мен өзімді құтқарылған болып сезінбеймін. Егер мен шынымен құтқарылған болсам, мені күмәндар, үрейлер, азғырулар мен уайымшылдық қинамас еді. Мен кеше өзімді құтқарылған болып сезінгем, бірақ бүгін мүлдем олай емес». Мұндай адамдар Киелі кітапқа күмәнданып, өз сезімдеріне сенім артады.

Құтқарушының қасында айқыш ағашта шегеленіп тұрған қарақшы Оның: «... бүгін-ақ менімен бірге жұмақта боласың», – деген сөздерін естіп, ол өзінің құтқарылғандығын қалай білді? (Лұқа 23:43). Әлде, ол мұны сезінді ме? Жоқ, сол сәтте оның сезімдері оған мүлдем керісінше айтып тұрды. Бірақ бұны Иса Иеміз айтқандықтан ол білді. Өзіміздің құтқарылғандығымыз жайлы біз былай біле аламыз: Оның бізбен сөйлесетін тірі дауысын Киелі Кітапта жазылған Сөзі арқылы естиміз.

«Құдайға шүкір, өзімді сондай керемет сезінемін», – деп мен әрқашан айта алмаймын. Бірақ Исаға және Оның Сөзіне қарауға Құдай әрқашан көмектеседі.

Құдай Сөзіне сенбейінше, сіз құтқарылғандығыңызды «сезіне» алмайсыз. Тек сенген кезде құтқарылғаныңызды жақсы білетін боласыз.

## Киелі кітаптан мысал

Көне келісім заманында Құдай Исраил халқын Мысырдағы құлдықтан азат ету үшін Мұсаны жібереді. Ал перғауын Мұсаның айтқандарын тыңдаудан бас тартқандықтан, Құдай қатаң шараларды қолдануға шешім жасады. Құдай перғауын мен бүкіл Мысыр елін олар ендігәрі қарсыласуға батылдары бармайтындай қылып жазалады. Тәңір бұл елдегі барлық тұңғыш балаларды өлтіру үшін түн ортасында періштені жіберді. Бірақ бұдан аман қалатын мүмкіндік болды. Жан алатын періште Құдайдың құтқарылу үшін берген нұсқауларын орындаған тұрғындардың үйлеріне соқпай өтіп кететін. (Мысыр. көшу 12 қараңыз)

1. Әрбір отбасы еш кінәратсіз (мінсіз) тоқтыны алып, оны төрт күн өздерінде ұстап, оны құрбандыққа шалғаннан кейін қанын ыдыста сақтап қоюлары керек болды.
2. Әрбір үйдің есігіне қанды жағып қоюлары керек болды.
3. Есігіне қан жағылған үйді бүкіл отбасымен бірге ажалды тұңғыш бала да паналауы тиіс болды.
4. Бұның бәрі Құдайдың айтқанындай орындалса, тұңғыш бала аман қалатын болады.

Біз өзіміздің құтқарылғанымызды қалай нық сенімде бола алатынымызды көрсету үшін Джордж Каттинг бұл оқиғаны өзінің «Қауіпсіздік, нық сенім және ләззат» атты кітапшасында қолданады.

Ол былай деп жазады: «Қалай мыңдаған исраильдіктердің тұңғыш балалары Құтқарылу мейрамы күні Құдайдың Мысырға шығарған үкімінен тірі қалатындарын нақты білді?

Қане, біз олардың үйіне кіріп, не айтатындарын тыңдап көрейік. Бірінші үйдегі адамдар қорқып, болар қасіретті алдын ала сезіне дірілдеп отыр. Біз олардың қорқу себебін сұрадық. Үлкен ұл жан алатын періштенің сол жерден өтетіндігін және осы бір қорқынышты сәтте өз тағдыры жайлы абыржып тұрғанын айтты.

– Өлім періштесі біздің үйдің жанынан өтіп кеткеннен кейін жазалау түні біткен соң ғана

өзімнің қауіпсіздікте екеніме сенімді боламын, – дейді ол. Ал оған дейін мен ештеңеге де сенімді бола алмаймын. Қарсымыздағы үйдегі көршілеріміз, керісінше, құтқарылатындарына күмәнданбайтындарын айтады, ал біз оларды өздеріне тым сенетін өркөкірек санаймыз. Мен бұл түнді тек жақсылыққа үміттеніп қана өткізе аламын.

– Бірақ Исраил Құдайы өз халқына құтқарылу жолын көрсетті емес пе? – деп сұраймыз біз.

– О, иә! Және біз оны қолдандық та. Біздің есіктерімізге кінәратсыз біржылдық тоқтының қаны молынан жағылған. Бірақ біз сонда да өзіміздің қауіпсіздігімізге толық сенімді емеспіз.

Енді біз бұл үйден басқа – қарама-қарсы тұрған үйге кіріп көрейік. Бұл жерде барлығы басқаша. Барлығының жүздерінен жайбарақаттық көрінеді. Бұл адамдар белдерін бекем буған, асатаяқтары қолдарында, қуырылған тоқтының етін жеп жатыр. Біз оларға сұрақ қоямыз:

– Қалай сендер осындай қорқынышты түнде сонша жайбарақат бола аласыздар?

– Біз тек Құдай Иенің қашан салтанатпен жолға шығуымызға әмір беруін күтіп отырмыз. Сонда біз осы жек көрінішті құлдықта болған жермен қоштасамыз.

– Сіздер бүгін Мысыр еліне жаза шығарылған түн екендігін ұмытып қалдыңыздар ма?

– Жоқ, бірақ біздің тұңғыштарымыз қауіпсіздікте. Біз есігіміздің жақтауларына Құдай бұйырғандай қан жағып қойдық.

– Сіздердің көршілеріңіз де тура солай істегенімен, бәрібір абыржуда, өйткені өздерінің қауіпсіз екеніне онша сенімді емес, – дедік біз.

– Иә, – деп тұңғыш нық жауап береді, – өйткені бізде қаннан да маңыздырақ бір нәрсе бар. Біз Құдайдың өзгермес сөзін білеміз. Құдай: «Қанды көрген кезде үйге соқпай өтіп кетемін», – деді. Құдайға есіктегі қан жеткілікті, ал біз Оның Сөзін білгендіктен, үйдің ішінде жайбарақат демала береміз.

*Көрдіңіздер ғой, қанның жағылуы бізді қорғайды, ал Құдайдың айтқан Сөзі бізге нық сенімділік береді. Иса Мәсіхтің қанынан басқа бірдеңе бізге құтқарылу бере ала ма? Немесе Құдай Сөзінен басқа бірдеңе бізге нық сенімділік бере ала ма? Жоқ!*

Ал енді сізге сұрақ қоюға рұқсат етіңіз. Екі үйдің қайсысында болу қауіпсіздеу болды?

Сіз екіншісінде деп айтасыз. Жоқ, сіз қателесесіз. *Екі үйде де бірдей қауіпсіз!* Бұл жерде мәселе үй ішіндегілердің не сезінгендерінде емес, бірақ үйлердің есік жақтауларына жағылған қан

жайлы Құдайдың не ойлайтынында. Егер сізде Құдайдың ерекше жарылқауы бар екендігіне шүбәсіз сенімде болғыңыз келсе, онда өз сезімдеріңізге емес, Құдайдың кінәратсыз Сөзіне құлақ түріңіз!

«Сендерге өте маңызды шындықты айтамын: кім Маған сенсе, сол мәңгілік өмірге ие» (Жо хан 6:47).

## Тағы бір мысал

Джордж Каттинг малын азықтандыруға өз жері жеткіліксіз болғандықтан, жергілікті жер иесінен оған жерінің бір бөлігін сатуын сұраған бір шаруа жайлы әңгімелейді. Ол біраз уақыт бойы сол адамнан жауап ала алмайды.

Бір күні оған көршісі келіп былай дейді: «Мен сенің сол жерді иемденетіңе шүбәсіз сенемін. Сенің есіңде ме, былтыр сол жердің иесі саған Мәсіхтің туылу мейрамына сыйлық беріп жіберіп еді ғой? Ал жақында ол өтіп бара жатып саған басын изеді ғой?» Бұл сөздер шаруаны үміттендіріп қояды.

Келесі күні басқа бір көршісі әңгіме арасында былай дейді: Мен сенің осы жерді иемденуге ешқандай мүмкіншілігің жоқ деп ойлаймын. Джонс мырза оны сатып алғысы келіп жүр, ал жер иесінің оған қалай жақсы ниетпен қарайтынын білесің ғой?.. Байғұс шаруаның үміті бірден өшіп қалады. Сонымен, бір күні ол ойдағыдай табысты болуына сенімге толы болса, ал келесі күні оны күмәндар қинайды.

Енді ақыр аяғында пошта қызметкері шаруаға жер иесінен хат әкеліп береді және ол хатты сондай шыдамсыздықпен аша бастайды. Оның хатты оқып шыққаннан кейінгі қуанышын елестете алсаңыз!

«Бәрі де реттелді, – деп шаттана айқай салды ол әйеліне. – Енді маған қорқып, күмәнданудың ешқажеті жоқ. Мұның бәрі артта қалды. Жер иесі сол жерді маған сататын болды. Маған бар керегі – оның сөзі еді.

Көптеген адамдар қазір осындай күйде. Олар басқалардың сөздері мен көзқарастарына сеніп, жүректерінің айтатынына құлақ асады. Бірақ тек қана Құдай Сөзіне деген сенім оларға нық сенімділік беріп, күмәнді ығыстырып тастай алады.

## Жоғарыдан қайта туылудың екі түрлі көрінісі

Құтқарылғанға деген нық сенім ең алдымен Құдай Сөзіне сенуден келгенімен, алайда сіздің жаңадан туылғаныңыздың басқа да дәлелдемелері бар.

1. **Киелі Рухтың куәлігі** «Киелі Рух Құдайдың рухани баласы екенімізді өз рухымызға растайды» (Рим. хат 8:16). Рух Жазба рақылы

растайды. Сенуші Құдайдың уәделерін оқып, оларға сенген кезде Киелі Рух оны қуаныш пен тыныштыққа бөлейді. Мәсіхші Құдайға мінәжат ету, табыну және қызмет ету арқылы Құдай Рухының ондағы жұмысын көреді.

2. **Өмір мен іс-әрекеттің өзгеруі.** Мысал үшін мәсіхші өзінің рухани өлімнен тірілгенін біледі, өйткені бауырластарын сүйеді (Жохан.1-хаты 3:14). Сондай-ақ оның күнәға деген қатынасы өзгереді. Сенуші күнәні жек көретін, ал күнә жасаған кезде онысынан ұялатын болады.

Егер адамның өмірі мен іс-әрекеті өзгермесе, онда біз оның көктен туылғанына күмәндануымыз мүмкін. Жақып: «... игі іс-әрекетсіз сенімнің өлі екенін ұқпайсың ба?», – дегенде осыны айтқан болатын (Жақып 2:20). Егер көрінетін нәтиже, яғни, игі істер болмаса, онда сенімім бар деп сендіру бекер болады. Құтқаратын сенім – бұл адамның ішкі жан дүниесінде жұмыс жасайтын сенім.

## **Құдайға күмәндану – бұл күнә**

Қорытындылай отырып, біз Ізгі хабарға сеніп, қабылдағандардың бәріне атап айтқымыз келетіні: Құдайға күмәндану – бұл күнә. Ол Мәсіхке сенген әркім құтқарылған деп айтады. Бұған сенбеу Құдайды өтірікші деп көрсету (Жохан. 1-хаты 5:10). Сіз Құдай сөзінен бас тартқан кезде бұл – кішіпейілділік емес, күнә. Сіздің не сезінетініңізге қарамастан, Құдай Сөзі – шындық және оған сенім артуға болады. «Сенің айтқан сөздерің, Жаратқан Ием, Көкте тұр мәңгілікке бекітілген» (Забуржыр.118:89).

Джордж Каттинг осы шындықты суреттеп көрсететін бірқызықты диалогты келтіреді.

– Мен шынымен де Оған сенемін, – дейді маған бір жас қыз. – Бірақ менен құтқарылдым ба, жоқ па екендігімді сұраған кезде нақты жауап беруді ұнатпаймын, өйткені өтірік айтып қоюға қорқамын.

Ол шағын қаладағы қасапшының қызы болатын. Оның әкесі етті көптеп сатып алу үшін қасапханаға әрбір апта сайын баратын. Біздің әңгімеміз дәл оның әкесі кеткен күні болатын, сондықтан мен былай деп айттым:

– Сенің әкең бүгін 10 қой сатып алады дейік. Біраз уақыт өткеннен кейін сатып алушы келіп сенен оның бүгін қанша қой сатып алғанын сұрайды. Ал сен оған: «Мен мұны айтқым келмейді, өйткені өтірік айтып қоюдан қорқамын», – деп жауап бересің.

– Онда оның әкесі де өтірікші болып шыққаны ғой, – дейді қыздың қасында тұрған анасы.

Көрдiңiздeр ғой, бұл жас қыз шын мәнісiнде Мәсiхтi өтiрiкшi етiп көрсетiп тұр. Басқаша айтқанда ол былай деген: «Мен Құдай Ұлына сенемiн. Ол Менде мәңгiлiк өмiр барын айтады, бiрақ мен Ол жайлы айтқым келмейдi, өйткенi өтiрiк айтып қоюдан қорқамын».

## **10-шы сабақ. Сенушiнiң өмiрi**

### **Мәсiхшiнiң жағдайы мен күйi.**

Бiз сенушiнiң **Мәсiхпен бiрге болғандағы жағдайы** жайлы айтқан болатынбыз.

Ал қазiр бiз оның өз жағдайын, яғни **оның кiм екенiн** талқылап көрейiк. Оны келесi жолмен түсiндiрейiк. Мәсiхшiнiң жағдайы мiнсiз. Құдай оны Иса Мәсiхте қасиеттi де мiнсiз көредi (Ефес. хат 1:4). Мәсiхшiнiң үш жауы бар: әлем (Жохан. 1-хаты 2:15-16), күнәкар болмысы (Рим. хат 7:18) және шайтан (Петiр. 1-хаты 5:8). Сондықтан ол жиi қателесiп, күнәға батады (Матай 26:41).

**Мәсiхшiнiң жағдайы Мәсiхтiң iстеген жұмысына байланысты, сондықтан бұл мiнсiз.**

**Мәсiхшiнiң күйi оның өмiр сүру салтына байланысты, сондықтан бұл өте жиi мiнсiздiктен алыс болады.**

Иса сенушiнiң күнәсiн толық өзiне алғандықтан, Құдай оны мүлтiксiз таза көредi. Бұрынғы, қазiргi және болашақ барлық күнәлардың құны төленгендiктен, сенушiге Құдай оны күнәлары үшiн мәңгiлiк азаптауға үкiм шығарады деп уайымдаудың қажетi жоқ (Еврей. хат 10:17; Забуржыр. 102:12).

“Құдай күнә үшiн екi рет төлем талап етпейдi: алдымен қолдары шегеленген Құтқарушыдан, ал одан кейiн менен...”

### **Заңды үкiм шығару мен ата-ананың жазалауы**

Бұл сонда сенушi өзiнiң құтқарылғанынан кейiн iстейтiн күнәларына Құдай жеңiл-желпi қарайды дегендi бiлдiре ме? Жоқ! Құдай күнәға ешқашан немқұрайды қарамайды. Қалай болғанда да қылмыскердiң жазалануы мен баланы тәрбиелеудiң айырмашылығы бар. Бiз күнәнiң жазасы күнәсiз құрбандық – Иса Тәңiрге жүктелетiнiн бiлемiз. Сол себептен мәсiхшi ешқашан тозаққа түспейдi. Ал мәсiхшi күнә жасаған кезде не болады екен? Мына жағдай болады: Сенушiнiң өмiрiндегi күнә оның Құдаймен арақатынасын бұзады.

Отбасындағы бақыттылық сезімі жоғалады. Қарапайым әке өзінің тіл алмаған баласына қалай қарайтын болса, Құдай да күнә жасаған баласына солай істейді (Еврей. хат 12:5-9). Бала жасаған күнәларына өкініп, қайта оларды жасамасын деген мақсатпен оны жазалайды (Жохан. 1-хаты 1:9). Күнәға батқан сенуші «сүйіспеншілікпен» жазаланып, Тәңір оны қайта аяғына тұрғызуы керек. Құдайды мүлдем тыңдамаған жағдайда Ол өз баласын тәндік өліммен де жазалауы мүмкін (1Қорынт. хат 5:5 және 11:30-32).

**Заңды үкім шығару мен ата-ананың жазалауында айырмашылық**

бар. Сот төрешісі заң бұзушыны жасаған қылмысының төлемін өтеуді талап етіп үкім шығарады. Дәл осы сот төрешісі үйіне келіп, баласының бұзықтық жасағанын білуі мүмкін. Ол сонда баласынан айып пұл төлеуді талап етіп немесе қамауға ала ма? Жоқ, ол оны жанұясымен қайта қалыпты қарым-қатынасқа әкелу үшін тек қана ұрып-соғып алуы мүмкін.

Дәл осылай, Құдай сенуші де Мәсіхпен бірге Ғолғотада өлгендей, оны күнәлары үшін айыптайды. Бірақ енді ол Құдайдың баласы болғандықтан, Көктегі Әке дұрыс жолдан адасқан әркімді сүйіспеншілікпен жазалайды.

### **Құдай мәсіхшілерге рақымшылықта өсуге бұйырады**

Біздің күйіміз жағдайымызға көбірек ұқсай беруі – Құдайдың қалауы.

Ол біздің күнә жасағанымызды қаламайды (Жохан. 1-хаты 2:1). Ол бізге: «Сендер мінсізсіңдер (Еврей. хат 10:14), енді солай қала беріңдер», – дейді (Матай 5:48). Сендер құтқарылдыңдар (Жохан 3:16), енді құтқарылуларыңа сай іс-әрекет жасаңдар (Філіпі. хат 2:12). Шындығында, Құтқарушы сенушіні аспанға алу үшін қайтып келмейінше, Құдайдың баласы күнәдан толық арылмайды. Бірақ ол өмір бойы мінәжат арқылы, Киелі кітапты оқып, ойлану арқылы рақымға кенеле беріп, Иса Иемізге көбірек ұқсайтын болады (Петір. 2-хаты 3:18).

### **Құдайдың өзде ріңді шақыруына лайық өмір сүріңдер**

Жаңа келісімде сенуші өзінің маңызды шақырылуына лайықты өмір сүруі тиіс екендігі айтылған (Ефес хат 4:1-3). Осы жайлы ең жақсы үзінділердің бірі Титке арналған хатта берілген: «Өйткені Құдайдың бүкіл адамзатқа құтқарылуды ұсынатын рақымы анық білінді; Ол бізді Оған ұнамсыз қылықтар мен күнәкар дүниелік құмарлықтардан бастартып, қазіргі заманда байыпты, әділ, әрі Құдайға

ұнамды өмір сүруге бағыттайды. Себебі біз керемет үмітіміздің іске асуын күтеміз: ұлы Құдайымыз және Құтқарушымыз Иса Мәсіх зор салтанатпен көрінетін болады. Ол бізді бүкіл жамандық атаулыдан азат етіп, тазартып, өзінің меншікті, игі істерге ынталы халқы ету үшін жанын қиып, құрбан болды» (Тит. хат 2:11-14).

Бір мысалда кептерлердің тобына қосылғысы келген қарға жайлы айтылады. Ол өзінің қауырсындары тым қап-қара екендігін көріп, сұр түсті күлге аунап-аунап алады. Бірақ кептерлер оған қарамай қояды. Сонда қарға бар мәселе оның жүрісінде деп ойлайды, өйткені көгершіндер жүретін, ал қарға болса секіретін еді. Ол жаттығып, үйрене бастап, ақыры сол кептерлер тәрізді мықты жүре алатын болып, тағы да олардың тобына қосылуға тырысып көреді. Бірақ олар оны тіпті білгілері де келмейді. Осы жолы қарға мәселе мүмкін оның солар сияқты дән жемей, ет жейтіндігінде болар деп шешеді. Ол өзінің жейтін тамағын да өзгертеді. Бұл жолы кептерлер оны қабылдайды.

Бір күні кептерлер тобының үстінен басқа қарға ұшып бара жатады. Ол өзінің досын танып қалып, сәлемдесу белгісі ретінде қарқ етеді. Өлгі қарға болса өзінің кептер болып қылымсып жүргенін сол сәтте ұмытып кетіп, досына жауап береді. Осымен бәрі де бітеді. Енді қарғаның кептерлермен ортақ тіл табуға ешқандай мүмкіншілігі болмады. Оның жүрісі, тамақтануы мен дауыс шығаруы да олардан басқаша еді.

Мәсіхші де осы әлем адамдарынан басқаша. Оның жүрісі – Құдай

Иемен бірге, Оның асы – Құдай Сөзі, Оның айтатыны – таза және Мәсіхті мадақтайды.

Бір елші мәсіхші болғысы келіп, елшілердің тұрағына келген үндіс жайлы әңгімелейді.

– Мен жауынгермін, – дейді ол. – Менің қолдарым қанға боялған.

Менің мәсіхші болуым мүмкін бе?

Оған Құтқарушының оны сүйетінін және ол үшін айқышта өлгендігін

айтады. Үндіс бұған сенетіндігін айтады.

Оны сынау үшін елші одан былай деп сұрайды:

– Мен сенің шашыңды алып тастасам бола ма?

Үндістер жаулары олардың соғыс алаңында екенін білуі үшін әрқашан шаштарын ұзын қылып өсіріп жүретін. Егер ол шашын қиып тастайтын болса, ол енді ешқашан соғыса алмас еді. Үндіс былай дейді:

– Шашымды ала беріңіз, мен бұрынғы өміріме қайтып оралмаймын.



Оның шашын алып берген соң үндіс үйіне қайтады. Жол-жөнекей оны бұрынғы достары кездестіріп, күлкі етеді.

– Сен кеше батыр едің, ал бүгін қорқақ болып қалыпсыңғой, – дейді.

Бұл үндіске өте ауыр тиеді. Ол үйіне асыға жетіп, жығыла кетіп, еңіреп жылайды. Оның әйелі мәсіхші болатын. Әйелі оның жанына келіп былай дейді:

– Кеше ешкім де сені қорқақ деп айтуға батылы бармап еді. Сен

Сиоксты өлтірген кезіңдегідей, өзің үшін өлгенге сондай батыл бола аласың ба?

Ол атып тұрып, былай дейді:

– Иә, бола аламын және боламын да!

«Мен көптеген Мәсіхтің батыл қызметшілерін көрген едім, – деп қорытындылайды елші, – бірақ солардың арасында дәл мұндай өжетті көрген емеспін!».

## **Тақуа, киелі өмір - құтқарылудың жемісі, бірақ оған жетудің әдісі емес**

Мына бір өте маңызды нәрсені есте ұстаңыз: сенуші мәсіхші болу үшін тақуалы өмір сүрмейді. Қайта ол өзінің әділ өмірімен Құдайға ұнамды болуға тырысады, өйткені ол енді әділ өмір сүріп жүр (Рим. хат 6:1-2).

*«Мен жанымды сақтап қалуға тырыспаймын: Құдай мұны істеп қойды. Бірақ мен оған сүйетінімді дәлелдеу үшін құл іспетті жұмыс істейтін боламын».*

Рақымшылық пен заңның арасындағы айырмашылық бар. Заң айтады: «Егер әділ өмір сүрсең, құтқарыласың. Олай болмаса, тозақ отында мәңгілік өлесің». Рақымшылық айтады: «Сен әділ өмір сүре алмайсың, сондықтан сен қарғыс алдың. Бірақ Құдай өз Ұлын сен үшін өлімге жіберді. Егер Оны сеніммен қабылдайтын болсаң, құтқарыласың. Сонда, сен Оны сүйгендіктен, Оған барлық жағынан ұнағың келеді. Сен өзіңді «күнәға жоқпын, енді Құдайдың құрметі үшін Иса Мәсіхпен тығыз байланыста өмір сүргім келеді», – дейсің (Рим. хат 6:11). Сүйіспеншілік әлемдегі ең мықты күш. Осы сүйіспеншілік рақыммен құтқарылған күнәкарды Құтқарушының өліміне себеп болған күнәмен әлемнен бөлектеніп өмір сүруге оятады.

## **11-ші сабақ. Ұлы шешім**

## **Киелі кітаптық ілімдерді білу – Иса Мәсіхке деген сенімді білдірмейді**

Осы кітапта берілген барлық ақиқаттарды біле тұра, адамның құтқарылмағаны өте қайғылы. Киелі кітаптың ұлы ілімдерін білгенінен адам жоғарыдан жаңадан туылмайды. Бәрі соншалықты оңай болса, онда ізгі хабаршыларға тек адамдарды үйретіп қана қою қажет болар еді.

Бірақ Ізгі хабардың мәнісі бұл емес! Тұлғаға сенім арту қажет (Жо хан 1:12), адамды құтқара алатын жалғыз ғана Тұлға – Иса Иеміз.

Сыйды қабыл алу қажет. «Күнәнің беретіні мәңгілік өлім, ал Құдайдың беретін сыйы – Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір (Рим. хат 6:23).

Адам өміріндегі ең маңызды шешімді қабылдаған, қабылдамағанын өзі біледі. Ол күнәлары бар ауыртпалығымен еңсесін басқанда және оған төзе алмайтындай кез болғанда өз күнәларын мойындап, Иса Мәсіхке сенген мезгілін біледі.

### **Құдаймен татуласыңыз**

Егер сіз мұны ешқашан істемеген болсаңыз, сіздің алдыңызда ең маңызды сұрақтар туады: Сіз бұны қазір істейсіз бе? Сіз Құдай Ұлына күнәсіне өкінген күнәкар тәрізді келіп, Оны Тәңір Ием деп мойындайсыз ба? Өзіңізді толығымен Оған тапсырасыз ба?

«Осылайша Мәсіхтің өкілдеріміз; біз арқылы Тәңірдің өзі адамдарға ескертеді. Мәсіхтің атынан “Құдаймен татуласыңдар”, – деп өтінеміз (Қорынт. 2-хат 5:20).

Сіз мұны дәл қазір – осы сабақты оқып отырып істей аласыз. Сіз ақырын ғана басыңызды иіп, Құдайға өз күнәларыңыз жайлы айтуыңызға болады. Иса Мәсіхті Құтқарушыңыз ретінде мойындап, өз өміріңізді Оған тапсырып және мәңгілік өмір сыйын алуыңызға болады. Осыны істеген сәтте Құдай Сөзі уәде еткендей, сіз құтқарылатын боласыз.

Біздің Иса Мәсіхте қалай сенуші болатынымызды үйлену рәсімі жақсы суреттеп көрсетеді. Қалыңдықтан: «Сіз осы адамды заңды күйеуіңіз ретінде қабылдайсыз ба?..» – деп сұрайды. Ол келісімді жауап бере отырып, онысымен бұл адамды қабылдайтындығын және өзін оған арнайтындығын айтады. Мәсіхке сенім арта отырып, біз оны Тәңір Ие және Құтқарушы ретінде қабылдап, Оған өз өмірімізді мәңгі арнаймыз.

Иса құтқарылуды біздің есікке қалай кіретінімізбен салыстырады. «Мен – «қақпамын», Менен кіргендер құтқарылады» (Жохан 10:9).

**Шешім қабылдайтын уақыт келді! Мүмкін сізде тағы да мұндай мүмкіншілік ешқашан болмайтын да шығар. Өзіңіздің бар сылтауларыңызды ұмытыңыз. Тәңірге теріс бұрылмаңыз. Еш шүбәланбай, жүрегіңіздің есігін ашып, Құтқарушының кіруіне жол беріңіз. «Міне, Мен есік алдына келіп, қағып тұрмын. Кімде-кім даусымды естіп, есік ашса, Мен оның жан дүниесіне еніп, онымен бірге «дастарқандас» боламын; ол да рухани нәр алып, Менімен тығыз байланыста болады» (Аян 3:20).**

### **Құтқарылғаныңыз үшін Құдайға алғыс айтыңыз**

Сіз Мәсіхке өз жүрегіңізді ашқаннан кейін, **ең алдымен**, Оған сізді құтқарғаны үшін алғыс айтыңыз (Лұқа 17:15-16). Осы бір керемет сыйлық сіздің жүрегіңізге әсер етпеуі мүмкін емес және Сіздің алғысыңыз немқұрайлы болмауы тиіс. Құдайдың қалауы – шын жүректен шыққан алғыс (Забуржыр. 49:23).

### **Мәсіх жайлы ашық жариялаңыз**

**Екіншіден**, Мәсіх жайлы басқа адамдарға ашық айтыңыз (Рим. хат 10:9). «Сонымен, мені адамдар алдында мойындаған әркімді Мен де көктегі Өкемнің алдында мойындаймын» (Матай 10:32). Өзіңіздің Иса Мәсіхке сенуіңіз арқылы Құдай Иенің баласына айналғаныңызды басқаларға айтыңыз.

### **Киелі кітапты тұрақты оқып, мінажат етіп тұрыңыз**

**Үшіншіден**, күн сайын белгілі бір уақытты Киелі кітапты оқып, мінажат етумен өткізіңіз (Тимоте. 2-хат 2:15; Тимоте. 1-хат 2:1-4). Бұл сіздің рухани өсуіңіз (Петір. 1-хаты 2:2), таза өмір сүру (Забуржыр. 118:7-11) және жемісті қызмет етуіңіз үшін (Ефес. хат 6:17) қажет.

### **Басқа Мәсіхшілермен қатынасу мүмкіндігін іздеңіз**

**Төртіншіден**, мәсіхшілік өмірдің ерекшелігі – ол сіздің басқа сенушілермен қарым-қатынаста бола алатындығыңызда. Мәсіхті басшы ретінде мойындайтын және барлығы Киелі жазбамен сыналатын қауым (Ишая 8:20), сіздің үйіңізге айналуы тиіс (Еврей. хат 10:25).

### **Күнәкарларды Құтқарушыға әкеліңіз**

**Бесіншіден,** біз Иса Мәсіхке сенім артқандардың керемет ерекшелігін айтып өткіміз келеді – бұл адасқандарды іздеп, Құтқарушыға әкелу. Пауыл жас Тимотені былай деп үйреткен: «Өзің менен естіп, көптеген кісілер растаған шынайы ілімді басқаларға да тәлім беруге қабілеті бар, сенімді жандарға аманатта!» (Тимоте. хат 2:2). Құдай мәсіхшілік сенімнің дәл осындай жолмен тарағандығын қалайды. Мінбеде тұрып, әркім тәлім бере алмас, бірақ әркім өзінің құтқарылмаған туыстарына, көршілеріне және достарына Иса Иеміздің не істегені жайлы айта алады (Марқа 5:19).

### **Исаны өз өміріңіздің Тәңір Иесі ретінде мойындаңыз**

**Ең алдымен,** Құтқарушы сіздің өміріңізде патшалық құруға тағайындалуы қажет (Рим. хат 12:1-2). Сіз Оны Тәңір Иеңіз ретінде қабылдадыңыз, Ол сіздің бүкіл өміріңіз бойы Сол болып қала берсін. Ойлап қараңызшы, Ол өзіңізге және сіздегі бар нәрсеге ие болуға лайықты емес пе? Бұл жайлы елші Пауыл былай дейді: «Мәсіхтің сүйіспеншілігі бізді алға басуға мәжбүр етеді. Себебі мынадай қорытындыға келдік: бір Адам бәрі үшін өлгендіктен барлығы да рухани өлді. Мәсіхтің бәрі үшін өлгендігінің мақсаты – жаңа өмірге ие болғандардың енді тек өздері үшін емес, қайта, Оған бағышталып өмір сүрулері! Ол солардың игілігіне бола өліп, қайта тірілді ғой» (Қорынт. 2-хат 5:14-15).

Белгілі елші К. Т. Стад былай дейді: «Егер Иса – мен үшін өлген Құдай болса, онда менің Оған бере алатын үлкен құрбандығым жоқ.» Мына жолмен әрекет ету өте ақылды болар еді: билікті біздің құнымызды төлеп, азат еткеннің қолына беру.

«О, Мәсіх, Сенің қолдарың мен аяқтарыңдағы жараларың,

Сенің маған құрбандығың.

Әрбір көз жасың мен қаныңның тамшысы,

Менен өз өмірімді Саған құрбан етуді талап етеді».

### ***Сіздің төртінші емтиханыңыз.***

*9,10 және 11-сабақтарды мұқият оқып шығыңыз. 4-емтиханның мәтінін ашыңыз. Сұрақтарды қарап шығып, оларға ойша жауап беріңіз. Егер кейбір сұрақтарға жауап бере алмасаңыз, сабақтарды тағы бір рет оқып шығыңыз. Егер барлық жауаптарды білетін болсаңыз, бланкіні толтырыңыз.*

## **М а з м ұ н ы**

А л ғ ы с ө з .

1-ші сабақ.

Таңқаларлық керемет.

2-ші сабақ.

Бізге жаңа өмір қажет.

3-ші сабақ.

Мәселе.

4-ші сабақ.

Құрбандық.

5-ші сабақ.

Жұмыс толық істелді.

6-шы сабақ.

Таңғаларлық рақым.

7-ші сабақ.

Құтқарылуға апаратын жол.

8-ші сабақ.

Жартас үстінде.

9-шы сабақ.

Сезімдерме, әлде ақиқат па?

10-шы сабақ.

Сенушінің өмірі.

11-ші сабақ.

Ұлы шешім.

## ***І з г і х а б а р (сұрақ дәптері)***

---

Моуди діни институтының сырттай оқу сабақтары.

Сабаққа қойылатын жалпы баға: \_\_\_\_\_%

А ты-жөніңіз ді және поштаңыздың нақты  
мекен-жайын баспа әріптерімен жазуды  
өтінеміз:

Фамилиясы \_\_\_\_\_.

А ты (е сі мі)

-

Студенттік нөмір:

.

Индекс:

±

Мекен-жай:

±

±

*Студенттерге нұсқаулар:*

1. Фамилияңызды, аты-жөніңізді және сізге емтиханның нәтижесін жіберуге болатын мекен-жайыңызды жазыңыз.
2. Емтихан сұрақтарына жауап беріңіз.
3. Барлық сұрақтарға жауап бергеніңізді тексеріңіз.
4. Сұрақтар дәптерін мына мекен-жайға жіберіңіз:

### **1-емтихан.**

(1,2-сабақтар)

#### **1-сабақ.**

Иә немесе Жоқ.

*Егер берілген анықтама дұрыс болса «Иә» сөзін қоршауға алыңыз, егер дұрыс емес болса, онда «Жоқ» сөзін.*

1. Көктен туылуға тек дана, мықты және мейірбан адамдарғана ие бола алады.  
Иә Жоқ
2. Егер ата-анасы көктен туылған болса, онда баласы да автоматты түрде құтқарылады.  
Иә Жоқ

3. Адамдар көктен туылуды сезінгендей болып алдамшы түр жасаулары жиі кездеседі.  
Иә Жоқ
4. Адамдар көптеген жиі сұрақтар, күмәндар мен сылтаулар тауып, Құдайдың құтқару жоспарын қиындатады.  
Иә Жоқ
5. Көктен туылу жайлы Інжілдегі негізгі аяттар Жохан жазған Ізгі хабардың үшінші тарауында.  
Иә Жоқ
6. Иса Мәсіхтің күнә орнына берген құрбандығы – Құдай Иенің адамдарға деген сүйіспеншілігінің ең айқын көрінісі.  
Иә Жоқ
7. Адам аса тәрбиелі (немесе аса құлықты) бола тұрып-ақ көктен туылмаған күнәкар болып қала беруі мүмкін.  
Иә Жоқ

### ***Дұрыс шешім қабылдаңыз***

1. Көктен туылуды ең дұрысы былай деп қабылдауға болады:
  - А) Мінез-құлықтың жақсы жақтарының жетілуі.
  - Ә) Іс-әрекеттегі психологиялық өзгерістер.
  - Б) Нағыз керемет.
  - Г) Қоғам өміріне бейімделу.
2. Біз кейде көктен туылуды құтқарылу деп атаймыз, өйткені ол мынаны білдіреді:
  - А) Жаңа рухани өмірдің басталуы.
  - Ә) Өмір ағысының бағыты толықтай өзгереді.
  - Б) Сенімсіздіктен сенімге ауысу.
  - Г) Адамның күнәнің билігінен және жазасынан босатылуы.
3. Көктен туылу қалай болады?
  - А) Бір сәтте (немесе бірден)
  - Ә) Өмірге келген кезде
  - Б) Келе-келе

Г) Тәндік өлім сәтінде

4. Біз тек мына жағдайда ғана көктен туыла аламыз:

А) Сәби шағамызда Киелі Рухпен суға шомылған соң.

Ә) Қауым мүшесі болсақ.

Б) Өмірді қайтадан таза беттен бастасақ.

Г) Тәңір Иса Мәсіхке сенім артсақ.

5. Иса яхуди халқының дін басшысы Никөдімге былай дейді:

А) Никөдім Құдай Патшалығын көре алады, өйткені ол құлықты және діншіл болды.

Ә) Ол ешқашан Құдай Патшалығын көре алмайды.

Б) Ол көктен туылса ғана Құдай Патшалығын көре алады.

Г) Егер ол Он Өсиетті орындаса ғана Құдай патшалығын көре алады.

Өз пікіріңіз үшін:

Жоғарыдан туылу дегеніміз не? (Киелік кітап бойына ш жауап беріңіз).

-

## 2-сабақ

### Иә немесе Жоқ

1. Құтқарылу жоспарының пайда болуы адамнан  
Иә Жоқ
2. Иса Мәсіх – күнәсіз адамның бір ғана жалғыз  
мысалы. Иә Жоқ
3. Бізге зұлымдықтан гөрі жақсылық жасау  
оңайырақ. Иә Жоқ
4. Құдайдың көзқарасында мән беруге қажеті жоқ  
өкпесіз өтірік бар.  
Иә Жоқ
5. Күнә адамзат өмірінің барлық облыстарында  
бар. Иә Жоқ
6. Өсиеттердің біреуін бұзу барлығын бұзумен тең.  
Иә Жоқ



7. Адамдар Ғалғотада Құдай Ұлын өздерінің жалғыз заңды басқарушысы ретінде қабылдаған кезде адамныңшынайы болмысы көрінді.

Иә Жоқ

8. Егер жақсылап тырысып көрсе, күнәні өз күшімен жеңуге болады.

Иә Жоқ

Дұрыс шешім қабылдаңыз

*Берілген төрт жауаптың ішінен сабақтың мазмұнына сәйкес келетін бір жауапты таңдап алыңыз. Дұрыс жауапқа сәйкес келетін әріпті жауап үшін қалтырылған алаңға жазыңыз.*

1. Біз күнәні былай қарастыруымыз керек:

А) Тура психологиялық көзқарастан.

Ә) Құдайдың қарайтынындай.

Б) Адамзат санасының қателігі ретінде.

Г) Негізінен адам жақсы деп.

2. Күнәнің не екенін білуіміз үшін Құдай бізге берген құлықтық қалыптардың бірі.

А) Ар-ұят.

Ә) Мемлекетпен бекітілген заңдар.

Б) Адамзаттың санасы.

Г) Он өсиет.

3. Құдайдың адамзатқа қойған талаптары мынаған негізделген:

А) Біздің Құдайға сенімділігімізде.

Ә) Оның күшімен алыптығында.

Б) Оның мүлтіксіз қасиеттілігінде.

Г) Біздің басқа адамдарға қызмет етуге дайындығымызға.

4. Киелі кітап біздің күнәкарға айналғанымыздың себебі мынау дейді:

А) Күнәкар табиғатты мұра еттік және күнделікті өмірде күнәжасаймыз.

Ә) Күнәні таңдап алдық.

Б) Отбасылық әдет-ғұрыптарды орындадық.

Г) Қалай дұрыс іс-әрекет етуді білмедік.

5. Бұл сұраққа жауап беру үшін Киелі кітапты қолдануыңызға болады. Римдіктерге арналған хат 3:10-20 оқып шығыңыз. Ол аяттарда былай делінеді:

А) Өділ адамдар бар.

- Ө) Құдайды іздейтін мейірімді адамдар бар.  
Б) Тек яхудилер ғана шынайы әділдер.  
Г) Бірде-бір әділ кісі жоқ, Құдайды іздеп жүрген де жоқ.

**№.1 емтихан бағасы**

\_\_\_\_\_ %

Өз пікіріңіз үшін:

№.1 емтиханның бланкін тағы бір рет қарап шығыңыз. Барлық сұрақтарға жауап бергеніңізді тексеріңіз. Одан кейін екінші емтиханның сұрақтарына жауап беруге кірісіңіз.

**№.2 емтихан.**

**(3,4,5- сабақтар)**

**3- сабақ**

**Иә немесе Жоқ**

1. Тек Құдай ғана әділдік пен шындықты жасай алады.  
Иә Жоқ
2. Елші Пауыл өзінің Құдай қоятын әділдік талабына сәйкес келмейтіндігін көреді.

Иә Жоқ

3. Күнәні игі істермен немесе мінажатпен өтеуге болады.

Иә Жоқ

4. Белгілі бір жағдайларда Құдай күнәға немқұрайлы қарауы мүмкін.

Иә Жоқ

Дұрыс шешім қабылдаңыз.

1. Құдай киелі болғандықтан, мына анықтама дұрыс.

А) Барлық адамдар киелі болып жаратылған.

Ә) Ол тек күнәсіз таза адамдарға ғана өзін көрсете алады.

Б) Ол бізді күнәдан азат ете алмайды.

В) Құдай мен адамдар арасында көптеген .....

2. Дәуіт өзінің қандай өзгермес күнәкар екені жайлы айтқан кезде, қандай сөздер қолданады?

А) Күнә, әділетсіздік.

Ә) Қателік, шегініс және бүлік.

Б) Заңбұзушылық, кінәрат және қарыз.

В) Орындамаушылық, уайымшылдық және құлықтық зиян.

3. Бұл сұраққа жауап беру үшін сізге Киелі Кітапты қолдану қажет болады. Қандай аятта Құдай күнәкарларды сүйетіндігі және олардың өлімін қаламайтындығы айтылған?

А) Заңдарды қайталау, 26:16.

Ә) Еремей, 2:22.

Б) Петірдің 1-хаты, 1:16.

В) Петірдің 2-хаты, 3:9.

4. 3-сабақта былай деп айтылған:

А) Күнәға батқан адамның қалай құтқарылуға лайықты бола алатыны жайлы.

Ә) Қалай Құдай күнәкарды оның күнәға деген бейімділігі жойылатын күйге әкелетіні жайлы.

Б) Құдайдың қалай адам бола алатыны жайлы.

В) Әділетті Құдайдың жазалауға лайықты күнәкарды құтқарып, әділ болып қала беруі жайлы.

Өз пікіріңіз үшін:

#### **4-с а б а қ**

##### **Иә немесе Жоқ**

1. Құдай еш құлықсыз, күнәларына өкінбеген күнәкарды көріп, ешқандай қуаныш сезінбейді.

Иә Жоқ

2. Біздің күнәларымыз үшін періште қолайлы құрбандық бола алады.

Иә Жоқ

3. Көне Өсиет кезінде малды құрбандыққа шалу адамдарды күнәларын тазартуға жеткілікті.

Иә Жоқ

4. Күнә орнына берілетін құрбандықтың шексіз болуы қажет емес еді, маңызды талап – оның мүлтіксіз қасиетті болуы.

Иә Жоқ

##### ***Дұрыс шешім қабылдаңыз.***

1. Ыбырайым мен Ысқақ жайлы әңгімеде кім құрбандық болды?

А) Ысқақ.

Ә) Ыбырайым.

Б) Қошқар.

В) Жасөспірім.

2. Біздің күнәларымыз үшін төгілетін қан ол:

А) Құдайдың шарты.

Ә) Израильдіктердің арасында терең тараған әдет-ғұрып.

Б) Киелі кітапқа қарсы ой.

В) Яхудиелердің сенімін мәсіхшілік сенімнен айыратын (концепция).

3. Мына сұраққа жауап беру үшін Киелі кітапты қолдануыңызға болады. Қай аятта күнәнің кешірілуі үшін қанның төгілуі қажет екендігі айтылған?

А) Мысырдан көшіп шығу, 12:13.

Ә) Леуіліктер, 17:11.

Б) Римдіктер, 8:3.

В) Еврейлер, 9:22.

4. Мына талаптардың қайсысына күнә орнына берілетін құрбандық сәйкес болуы қажет.

А) Құрбандық – кінәратсыз мал болуы тиіс.

Ә) Құрбандық өз күнәлары үшін азапталуы керек.

Б) Құрбандық күнәкарлар үшін азапталуды өзі қалауы керек.

В) Құрбандық басқа адамдардан ешқандай айырмашылығы жоқ.

5. Иса Мәсіх айқыш ағашта

А) Лайықты азапталушы.

Ә) Біздің күнәларымыз үшін құрбандық.

Б) Саяси шиеленістің құрбандығы.

В) Жағдайлардың құрбандығы.

Өз пікіріңіз үшін:

### **5-с а бақ**

#### **Иә немесе Жоқ**

1. Иса Мәсіхтің құрбандық өлімі Көне Өсиет заманында алдын ала айтылған.

Иә Жоқ

2. Иса Мәсіх Ғалғотада күнәкарларды құтқару ісін толықтай аяқтады.

Иә Жоқ

3. Иса Мәсіхтің күнәні өтеуге берген құрбандығы барлық күнәкарларға жеткілікті болғандықтан, барлық адамдар құтқарылған.

Иә Жоқ

4. Құдайдың сүйіспеншілігі Оның киелілігін бұзбай, тек Мәсіхтің Ғалғотадағы өлімі арқылы төгіледі.

Иә Жоқ

5. Адамның жауапкершілігі – құтқару сыйын сеніммен қабыл алу.

Иә Жоқ

### ***Дұрыс шешім қабылдаңыз.***

1. Иса Тәңір айқыш ағашта мынаны істеді:

А) Біздің күнеларымызды мойнына алды.

Ә) Біздің орнымызға күнекар болды.

Б) Өз күнелары үшін азапталды.

В) Ол біздің күнеларымызбен тіпті жанасқан да жоқ.

2. Мына сұраққа жауап беру үшін Киелі кітапты қолдануыңызға болады. Қай аятта Мәсіхтің Ғалғотадағы өлімі біздің күнеларымыз үшін Құдайға ұнамды жалғыз құрбандық екендігі айтылған?

А) Ишая, 53:7.

Ә) Римдіктер, 3:23.

Б) Еврейлер, 4:12.

В) Еврейлер, 10:12.

3. Мәсіхтің өлімінен қайта тірілуі – бұл...

А) Бұтқа табынатын кейбір діндердегідей аңызға ұқсас.

Ә) Құтқару жолына ешқатысы жоқ.

Б) Құдай Мәсіхтің күнекарларды құтқару ісіне риза екендігін дәлелдейді.

В) Өлім – адамның уақытша күні екенін дәлелдейді.

№. 2 емтиханның бағасы \_\_\_\_\_%

Өз пікіріңіз үшін:

-

№. 2 емтихан бланкін тағы бір рет қарап шығыңыз. Барлық сұрақтарға жауап бергеніңізді тексеріңіз. Егер солай болса, №. 3 емтиханның сұрақтарына жауап беруге кірісіңіз.

**Емтихан №3.**

**№6,7,8- сабақтар.**

**6- сабақ**

1. Құдайдың бізге мәңгілік өлімге үкім шығаруына жеткілікті себептері бар еді.  
Иә Жоқ
2. Киелі кітап адамдар Құдайдың рақымының қатысуынсыз-ақ Оны іздеуге тырысып жатқанын айтады.  
Иә Жоқ
3. Құдай өз Ұлын жіберген себебі, біз Оның мейірімі үшін бір күні төлемін қайтарып беретінімізді білді.  
Иә Жоқ
4. Құдай өзі солай шешкендіктен, Ол бізді сүйді.  
Иә Жоқ

**Дұрыс шешім қабылдаңыз.**

1. Рақымның Киелі кітаптық мағынасы былай:  
А) Біз дастархан алдында айтатын нәрсе.  
Ә) Лайықсыз игілік.  
Б) Құдайдың құтқаруынан бас тартып, өлімге кетіп бара жатқандарға Оның қарым-қатынасы.  
В) Біз Құдайдан өзімізге лайықты нәрсені аламыз.
2. Күнәкар ретінде мен:  
А) Құдайдың заңын бұзғандықтан, Одан бір нәрсе талап етуге ешқандай құқығым жоқ.  
Ә) Барлық адамдар Оның балалары болғандықтан, Құдайдан бір нәрсе талап етуге құқығым бар.  
Б) Құдай өзі мені жаратқандықтан, менің күнәларыма жауапты және мен Оған өзімнің шағымымды айта аламын.  
В) Мен игі істер жасағандықтан және шын жүрегіммен жақсы болуға тырысқандықтан Құдайдан бір нәрсе талап ете аламын.
3. Құдай өз ұлын біз үшін өлімге жіберген себебі:  
А) Біз оның араласуына лайық болдық.  
Ә) Ол біздің Оған қызмет етуімізге мұқтаж.  
Б) Ол біздің Оны аянбай іздеп жүргенімізді көрді.  
В) Ол сүйіспеншілік пен рақымға толы.

4. Ғалғота жайлы ойлар былай болуы керек.

А) Бізді селқос қалдырады.

Ә) Бізді таңырқау мен қастерлеуге толтырады.

Б) Құдай Ұлын айқыш ағашқа шегелеп тастағандарға деген жек көрушілік туғызады.

В) Бізді Оның игілігіне лайықты болу үшін тырысуға итермелейді.

## **7-с а б а қ**

### **Иә немесе Жоқ**

1. Адамдар қаласа да, қаламаса да Құдай бәрібір оларды құтқарады.

Иә Жоқ

2. Адамдар ізгі хабардағы шындықты білмесе де құтқарыла алады.

Иә Жоқ

3. Құтқаратын сенім - Мәсіхтің толық бітірген жұмысына толық сенім артуды білдіреді.

Иә Жоқ

4. Адам күнәлардан азат етіле алады, өйткені Мәсіх Ғалғотада айқышқа шегеленді.

Иә Жоқ

5. Құтқарылу үшін ең маңыздысы - сенімнің мөлшері.

Иә Жоқ

### ***Дұрыс шешім қабылдаңыз.***

1. Мәңгілік өмір бізге мына негізде беріледі:

А) Біз қауымның мүшелері болып келеміз.

Ә) Біз суға шомылдыру рәсімін қабылдадық.

Б) Біз Иса Тәңірге сенім арттық.

В) Көптеген игі істер жасаймыз.

2. Құдай Рухы Киелі кітапты мынадай мақсатпен қолданады:

А) Біздің құтқарылу жайлы ойымызды растау үшін.

Ә) Күнә жайлы түсінікке келу үшін.

Б) Мәсіхшілікті әлемдік басқа діндермен бір сатыға қою.

В) Құтқарылуға ешқандай үміттің жоқ екендігін есімізге түсіру үшін.

3. Біздің құтқарылуға нық сеніміміз мынаған негізделген.

А) Құдай Сөзіне.

Ә) Сөзіміздің ауыспалылығына.



Б) Бізді Мәсіхке әкелген адамның бекітіп айтқан сөзіне.

В) Қауымның сенім жайлы оқытуына.

4. Мәсіхтен құтқарылуымызды сұраған кезде, біз Оған мынамен келеміз:

А) Күнәлі және күнәкар екенімізді сезініп.

Ә) Түзелеміз деген уәдемен.

Б) Қауымға жәрдем беретін ақшамен.

В) Қауымға барып тұруға деген қалауымызбен.

Өз пікіріңіз үшін:

-

## **8-с а б а қ**

### ***Иә немесе Жоқ***

1. Құдай бізді тек қана Иса Мәсіхтің істегенінің негізінде қабылдайды. Біз бұған лайық емеспіз.

Иә Жоқ

2. Мәсіх біздің құтқарылғаннан кейін жасайтын күнәларымыздан басқасына өлді.

Иә Жоқ

3. Құдай құтқару сыйын өзіне қайтарып ала алады.

Иә Жоқ

4. Киелі Рух әрбір сенушіде өмір сүреді.

Иә Жоқ

5. Мәңгілік қауіпсіздік жайлы ілім адамдарды күнә жасауға итермелейді.

Иә Жоқ

### ***Дұрыс шешім қабылдаңыз.***

1. Сенуші күнә жасаған кезде,...

А) Құдай одан бастартады.

Ә) Оның Құдаймен қатынасы бұзылады.

Б) Ол аспанға баруға деген соңғы үмітінен айырылады.

В) Ол қайтадан құтқарылуға тиіс.

2. Шынайы мәсіхшінің құтқарылуы мынамен сақталады.

- А) Оның игістері арқылы.
- Ә) Құдайдың күшімен.
- Б) Ол сеніп жүргенше.
- В) Егер ол Киелі Рухқа толы болса ғана.

3. Сенуші қасиетті өмір сүруі қажет, өйткені...

- А) Өзінің құтқарылуын сақтап қалуы керек.
- Ә) Жазалдындағы қорқыныштан.
- Б) Құтқарушыға деген сүйіспеншіліктен.
- В) Енді ол күнә жасауға қабілетті болмағандықтан.

3-емтиханның бағасы \_\_\_\_\_%

Өз пікіріңіз үшін:

#### **4-емтихан**

*(9,10 жән е II сабақтар)*

#### **9-сабақ**

1. Айқыш ағаштағы қылмыскер өзінің құтқарылғанын білді, өйткені Иса солай деп айтты.

Иә      Жоқ

2. Құтқарылу мейрамы түнінде есік жақтауларына жағылған қан тұңғышұлды өлімнен сақтады.

Иә      Жоқ

3. Киелі Рух сенушілерге Құдай Сөзі арқылы куәлік етеді.

Иә      Жоқ

4. Біз Құдайдың айтқандарына сенбеген кезде, Оны өтірікші деп көрсетеміз.

Иә      Жоқ

#### **Дұрыс шешім қабылдаңыз.**

1. Құдай жолына жақында түскен мәсіхшінің мынандай күйде болуы таңғаларлық емес.

А) Өзінің құтқарылғандығына күмәндана бастайды.

Ә) Оның құтқарылғанын дәлелдейтін ерекше күй кешеді.

Б) Оның өміріндегі күнә толығымен жоғалғанын байқайды.

В) Құтқарылғанына еш күмәнданбайды.

2. Бұл сұраққа жауап беру үшін Киелі кітапты қолдануыңыз қажет. Қай аятта Құдай Оның атын шақырғандардың барлығын құтқаратынын айтады?

- А) Римдіктер, 10:13.
- Ә) Еврейлер, 10:23.
- Б) Жоханның 1-хаты, 3:14.
- В) Жоханның 1-хаты, 5:13.

3. Құтқарылуға деген нық сенім мынаған негізделеді:

- А) Біздің сенімімізге.
- Ә) Біздің мәсіхші достарымыздың айтқандарына.
- Б) Құдайдың Киелі кітапта айтқандарына.
- В) Қызметшінің мақұлдайтын хатына.

4. Егер адамның іс-әрекеті Мәсіхке сенім артқаннан кейін өзгермесе, онда

- А) Ол құтқарылған, бірақ мұны білмейді.
- Ә) Оған ештеңе уайымдап қажеті жоқ.
- Б) Біз оның шынымен құтқарылғандығына күмәндан аламыз.
- В) Оған құтқарылуды жоғалтып алу қаупі төніп тұр.

Өз пікіріңіз үшін:

### ***№10- сабақ***

#### **Иә немесе Жоқ**

- 1. Мәсіхшінің жағдайы - бұл оның өзіндік болмысы  
Иә Жоқ
- 2. Мәсіхшінің үш жауы - әлем, ескі рух, табиғат, тән, сайтан.  
Иә Жоқ
- 3. Сенушінің өміріндегі күнә Оның Құдаймен қатынасын үзеді.  
Иә Жоқ
- 4. Ерекше мықты мәсіхшілер өз өміріндегі күнәнің қатысынан азат бола алады.  
Иә Жоқ
- 5. Ізгі істер құтқарылудың анық нәтижесі болып табылады.  
Иә Жоқ

***Дұрыс шешім қабылдаңыз.***

1. Мәсіхші күнә жасаған кезде, Құдай бұған қалай қарайды?
  - А) Ол бұған еш мән бермейді.
  - Ә) Ол оны тозаққа жібереді.
  - Б) Ол оны сүйіспеншілікпен жазалайды.
  - В) Ол оған ауру жібереді.
  
2. Мәсіхшінің күйі мен жағдайына қарасты мынаны айтуға болады:
  - А) Мәсіхтің жасаған ісінің арқасында екеуі де мүлтіксіз.
  - Ә) Күйі әрқашан кемелді, ал жағдайы жиі күнәға толы.
  - Б) Құдай мәсіхшінің күйі барған сайын оның жағдайына сай болғанын қалайды.
  - В) Мәсіхші өзінің жағдайын Киелі кітапты оқу және мінәжат ету арқылы жақсарт алады.
  
3. Бұл сұраққа жауап беру үшін Киелі кітапты қолдануыңызға болады. Жазбаның қай бөлігінде сенушіге қазіргі әлемде саналы, әділ әрі тақуалы өмір сүруге өмір береді?
  - А) Ефестіктер, 4:1-3.
  - Ә) Філіпіліктер, 2:12.
  - Б) Тит, 2:11-14.
  - В) Еврейлер, 12:7-11.
  
4. Мәсіхшінің Құдайға ұнамды болуға итермелейтін ең жақсы талпыныс:
  - А) Құтқаруды жоғалтып алуға қорқыныш.
  - Ә) Құдай заңына бағынушылық.
  - Б) Иса Тәңірге деген сүйіспеншілік.
  - В) Басқа сенушілерден мақтау алу.
 Өз пікіріңіз үшін:

## ***II-с а бақ***

### **Иә немесе Жоқ**

1. Әрбір адам Мәсіхті Құтқарушы ретінде қабылдағанын немесе қабылдамағанын біледі.  
Иә Жоқ
  
2. Мәсіхті Құтқарушы ретінде қабылдау өмірді Оның басшылығына беруді қамтиды.  
Иә Жоқ

3. Егер Тәңір Иса Мәсіхті осы сабақты орындап жатқан кезде қабылдасаң, құтқарылуға ие боласың.

Иә Жоқ

4. Өрбір сенуші Ізгі Хабардың білікті тәлімгері болып шығуы тиіс.

Иә Жоқ

### ***Дұрыс шешім қабылдаңыз.***

1. Құтқарылу мына сәтте болады:

А) Бізге құтқарылу ілімі айтылып жатқан кезде.

Ә) Біз Иса Тәңірді жеке құтқарушымыз ретінде қабылдаған кезде.

Б) Біз Құдайға келу үшін толықөзгерген кезде.

В) Өз әдеттерімізді жеңген кезде.

2. Иса Тәңір Құтқарылуды мына нәрсемен салыстырады:

А) Есікті қағумен.

Ә) Сыйлықтарды ашумен.

Б) Орындықта отырып демалу.

В) Есікке кіру.

3. Біз Мәсіхті құтқарушы ретінде қабылдаған кезде Құдайға алғыс айтып,

А) Мұны құпия ретінде ұстаймыз.

Ә) Қандай да бір қауымның мүшесі боламыз.

Б) Теологтардың еңбектерін оқып, зерттейміз.

В) Мәсіхке басқа адамдарды әкелгіміз келеді.

4. Өлі құтқарылмағандарға ең дұрысы мынау:

А) Мәсіхті қабылдау шешімін ертеңгіге қалдыру.

Ә) Олар құтқарылу үшін жеткілікті жақсы болып өзгергенше күте тұруы керек.

Б) Құдай жайлы барлық сұрақтардың жауаптарын алғанша күте тұруы қажет.

В) Иса Тәңірді жеке Құтқарушы ретінде қабылдау.

4-емтиханның бағасы: \_\_\_\_\_%

Өз пікіріңіз үшін:

№4 емтихан бланкін тағы бір рет қарап шығыңыз. Барлық сұрақтарға жауап бергеніңізді тексеріңіз.

Егер солай болса, сұрақ дәптерді біздің мекен-жайымызға тексеруіміз үшін салып жіберіңіз.

Қазақстан. Алматы қаласы, а\я-2 480096 «Духовная Свобода»